Жаңа шағын аудан бой көтермек



2-бет

Атомның алтын дәуірі



3-бет

Алтынға бергісіз қос қола



8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, 7 ҚЫРКҮЙЕК, 2024 ЖЫЛ **№100 (23 422)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

# «Көкмойнақ» көшпенділер жеңісін бастар ма екен?!

**V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының салтанатты ашылуы сегізінші қыркүйек болса да, Әлемдік оқиғаның алғашқы додасы «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі басталып кетті. Оған Қазақстаннан 9, ал, шет елдерден 10 команда қатысуда. Жорықшылар үшінші қыркүйектен бастап, Солтүстік Қазақстан облысы, Ботай қонысынан Ақмола облысы Лесное елдімекеніне дейін 200 шақырым жерді жүріп өтті. Ботай қонысынан бет алған жорықшылар Астана қаласына дейін 500 шақырымды бағындыруы тиіс. 19 команда бақ сынасып жатқан жорықтың алғашқы кезеңінде қырғызстандық құрама жеңімпаз атанды. Алайда, Ақмола облысынан басталған екінші кезеңде Қазақстанның «Көкмойнақ» командасы қырғыздарды басып озып, Атбасардағы мәреге бас болып жетті. Сайыстың үшінші күні 350 шақырымнан жетісулық команда мәрені бірінші кесті. Естеріңізге сала кетейік, жорық жетінші қыркүйек аяқталып, ұпайы түгенделген ұлттық құрама жеңіске жетеді.**

**Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Үшінші кезең жеңімпазы «Жетісу» командасы

8-бет

● ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

# Кәсіби жетілудің маңызы зор

Президент Жолдауда маман даярлау мәселесіне басты назар аударды. Жалпы елімізде адами капиталдың сапасын жақсарту, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» түсінігі жиі айтылып келеді. Осыны нақты іске асырудың бағыттары Жолдауда нақтыланды. Оның бір дәлелі – 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланғаны.

Биыл орта және кәсіптік арнаулы оқу орындарының мәселесі шешіледі. Бұл орайда колледждер мен кәсіптік оқу орталықтарының жұмыстарын бизнеспен байланыстыру, оған биліктің назарын аудару барынша қолға алынатыны белгілі. Бұл бағытта Оқу-ағарту министрлігі, жергілікті атқарушы органдар, бизнес өкілдіктері бірлесе жұмыс атқарады.

Жолдауда Президент мемлекеттік аппаратты дамытуға қатысты ойымен бөлісті. Мемлекеттік аппараттың адами әрі кәсіби әлеуетін арттыруға қатысты Үкімет пен Мемлекеттік қызметтер агенттігіне нақты тапсырмалар берілді. Мемлекеттік органдар және жергілікті билік осы бағытта жұмыс істейді деген ойдамын.

Көптен бері айтылып жүрген пилоттық режимде іске асырылған қала, аудан әкімдерінің сайлауы 2025 жылы толығымен қолға алынатын болады. Бұл мемлекеттік қызметке кәсіптік салалардан, бизнестен келетін адамдарға нақты жол ашылады деген сөз. Бұларға қойылатын кәсіби талап жоғары болуы керектігі де айтылды. Олардың кәсіби әлеуетін арттыруда академия мен өңірлік филиалдары осы бағытта өздерінің бағдарламаларын әзірлеп, жұмыстарын жандандырады.

**Серікжан БАЙБОСЫНОВ,**
**Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ҚОФ директоры**

● ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

# Әлеуметтік қолдау тетіктері жаңарады

**Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет екенін Мемлекет басшысы жаңа Жолдауында тағы да баса айтты. Былтыр Жолдауда айтылған тапсырмалардың іске аса бастағанын, әлі де бірқатар міндеттер бар екенін атап өтті.**

Мәселен, балалы отбасыларды қолдау үшін сәби күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға биылдан бастап арнайы төлемдер беріліп жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» ауқымды жобасы іске қосылды. Бүгіннің өзінде 7 миллион баланың есепшотына Ұлттық қордың табысынан 300 миллиардтан астам теңге аударылғанын айтты.

Десе де, Мемлекет басшысы халықты қолдау шараларын жетілдіре түсу қажеттілігіне тоқталды. Қасым-Жомарт Кемелұлы келесі жылдан бастап, «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыруды тапсырды. «Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс», – деп атап өткен Президент қазір мемлекет тарапынан қолдау жасағанда азаматтардың нақты табысы ескерілмей жатқанын алға тартты.

«Басқаша айтсақ, әлеуметтік қолдауға мүлде мұқтаж емес ауқатты отбасылар да мемлекеттен көмек алады. Мұндай жайттар аз емес. Осыны ескере отырып, халықты қолдау тәсілдерін жетілдіре түсу қажет», – деді Мемлекет басшысы.

«Әлеуметтік әмиян» жобасы цифрлық картаға балама ретінде енгізілмек. Оның ерекшелігі ол әр адамның жеке сәйкестендіру номеріне тіркеліп, ашылады. Банк картасын ауыстырып, жаңарту қажеттілігі болмайды. Барлық әлеуметтік төлемдерді төлеуге мүмкіндік береді. Тағы бір артықшылығы, ондағы әлеуметтік төлемдер банктер, коллекторлық қызмет тарапынан өндіріп алу процедураларынан қорғалады. Бұл мемлекеттік қолдаудың тікелей адамға жетуін көздейді. Жобаның жүзеге асуы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға тағы бір көмек болады.

**Төлеу МҰХТАРОВ,**
**облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары**

● ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

# Отбасы – Отан тірегі, қоғам жүрегі

**2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындысына сүйенсек, елдегі отбасы саны 5 578 947-ге жетіпті. Ал, 2009 жылғы санақ деректері республикада 4 022 388 отбасы бар екенін көрсеткен еді. Соңғы он жыл ішінде бір жарым миллионнан астам шаңырақ бой көтерген. Отбасын құру бір бөлек, құндылықтарды сақтап, шаңырағы шайқалмайтын, іргесі берік отбасын қалыптастырудың жөні мүлде бөлек. Қиыны да осы соңғысы.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет ашық дереккөзден

## Қолдау – бірінші кезекте

Отбасы институтын нығайту – мемлекет аса көңіл бөліп отырған стратегиялық міндет. Оның маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Берік және бақытты отбасы – қоғамның негізгі құрамдас бөлігі әрі мемлекеттің сенімді тірегі. Өз кезінде мемлекет пен қоғам отбасыларды нығайту мен балалардың жан-жақты дамуына жауапты болуы – заңдылық. Бүгінде елімізде 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына сәйкес отбасы және отбасылық құндылықтар институтын нығайту, отбасыларды әлеуметтік қолдау, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және ұрпақтар сабақтастығын сақтау бағытындағы жұмыстар қолға алынған.

Осы ретте Әлеуметтік кодекс аясында енгізілген Отбасының цифрлық картасы жобасы ерекше тоқталуды қажет етеді. Себебі, елдегі 20 миллионнан астам қазақстандықтың жағдайы осы картаға енгізілген. Жоба бұрын-соңды жүзеге асқан бағдарламалардан бөлек. Мұның ерекшелігі жергілікті органдар дағдарысқа ұшыраған, не болмаса төтенше жағдайға тап болған отбасылардың өздерінің хабарласқанын күтіп отырмайды. Өздері дереу көмек көрсете бастайды. Себебі, олардың ай сайынғы аударымдары, түсетін жәрдемақы, еңбекақы, төлемдері оларға көрініп тұр. Дағдарыс шегіне жақындап қалған отбасыларға көмекті сұратқызбай-ақ көрсете бастайды. Ол адамдар тек SMS арқылы қызмет алуға келісім берсе, болғаны. Қандай көмек десеңіздер, отбасының жұмыссыз мүшелерін жұмысқа, балаларды балабақшаға орналастыру, медициналық сақтандыру жүйесіне қатыспайтын отбасы мүшелерін медициналық мекемелерге тіркеу, мерзімі 3 айдан асқан несиелер бойынша банкроттық туралы кеңес беру қызметтері.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, Отбасының цифрлық картасына аймақтан 1 миллион 134 мың адам, 413 мың отбасы енген. Оның ішінде, көпбалалы отбасылар қатары 15 047, әлеуметтік аз қамтылғандар ретінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың саны 10 мыңға жуықтайды, нақтыласақ, 9 555. Отбасының цифрлық картасында  осы отбасыларға ерекше назар аударылады. Себебі, көбінесе олар жобадағы  Д – дағдарыс және Е – төтенше санатында. Тиісінше көмекті де соларға көбірек көрсету керек.

## Көмектің үлкен-кішісі жоқ

Аз қамтылған отбасыларды, оның ішінде, көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатында сәйкес әлеуметтік төлемдер қарастырылған. Тұрмысы төмен отбасыларға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ын құраса, тағайындалады.

4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 535.97 ●**USD/KZT** 482.94 ●**RUB/KZT** 5.35 ●**CNY/KZT** 68.06

Қазақстан Ұлттық Банкінің 6 қыркүйек, 2024 жылғы дерегі бойынша

# Жаңа шағын аудан бой көтермек

**Ақтоғай ауданының орталығы Ақтоғай ауылының солтүстік-батысында жаңа шағын ауданның құрылысы жүріп жатыр. Ондағы тұрғын үйлер әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арналып салынуда. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданына жұмыс сапарымен барып, атқарылып жатқан жұмысты аралап көрді.**



*Қазір Ақтоғайда орталық кәріз құрылысы бойынша ауқымды жоба жалғасып жатыр. Соның бірі сорғы станциясының жұмысымен аймақ басшысы да танысты. Бүгінде мұндағы жұмыстар 75 % аяқталыпты.*

*Аталған жобаның арқасында ауылдағы барлық үй бірыңғай кәріз жүйесіне қосыла алатынын атап айту керек.*



Аудан орталығының көрігіне көрік қосатын болашақ шағын ауданға арналып, су құбыры, кәріз және жылу желісі, телефон кабельдері салынған. Алдағы уақытта электр желісі де тартылады.

Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов, салынып жатқан үйлерді инфрақұрылымға қосуды алдағы жылы аяқтауды жоспарлап отырғанын айтады.

Қазір Ақтоғайда орталық кәріз құрылысы бойынша ауқымды жоба жалғасып жатыр. Соның бірі сорғы станциясының жұмысымен аймақ басшысы да танысты. Бүгінде мұндағы жұмыстар 75 % аяқталыпты.

Аталған жобаның арқасында ауылдағы барлық үй бірыңғай кәріз жүйесіне қосыла алатынын атап айту керек.

Жылыту маусымына дайындық жұмысының барысы да облыс әкімінің назарынан тыс қалмады. Шашубай және Сарышаған кенттеріндегі қазандықтар жөнделген. Қазір көмір сатып алу жұмысы жүріп жатыр.

Бұл нысандарды аралап көрген соң Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданының тұрғындарымен кездесіп, өтініш-арызына, ұсынысына құлақ түрді.

– Кездесулерде көтерілген барлық мәселе назардан тыс қалмайды. Орталық кәрізді төсеу бойынша жұмыстардың қалай жүріп жатқанын қарап шықтым. Жоба ауқымды, мәселе бар, бірақ олар шешімін табады. Ауыл тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте. Қазір Қарағандыда бір бағдарлама жүзеге асуда. Ол бойынша кәсіпкерлер үй салады, ал, біз олардан сатып аламыз. Егер бизнесмендер осындай бағдарламаны қолдағысы келсе, біз қашанда ынтымақтастыққа дайынбыз. Ақтоғай ауданының кәсіпкерлері мен тұрғындары осыны біле жүрсін, – деп атап өтті облыс әкімі.

Аудан тұрғындары өздерін толғандарып жүрген өзекті мәселелерді өткір көтерді

Мысалы, Абай ауылының мектебі ұзақ уақыттан бері күрделі жөндеуге зәру болып тұр.

– Бұл мәселе облыс әкімімен өткен кездесуде көтерілген. Қазандық жөнделді. Келесі жылы барлық ғимаратты күрделі жөндеуге кіріседі, – деп түсіндірді білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Сонымен қатар, тұрғындар Нарманбет ауылындағы амбулаторияның жағдайын да ортаға салды. Бұл мекемеге Абай мен Нарманбет ауылдарының тұрғындары медициналық көмекке жүгінеді. Тұрғындардың айтуынша, қыста ғимарат суық, сонымен қатар, жөндеуді қажет етеді.

Бұл сауалға жауап ретінде облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшылығы медициналық нысандарды жаңғыртудың жалпы жоспары бар екенін айтып өтті. Олардың мәлімдеуінше, алдымен, аудандық ауруханалар жөнге келтіріледі. Содан кейін ауылдардағы амбулаторияларды жөндеуге кіріседі.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Бұдан бөлек, ауданда жолдарды жөндеу жұмысына да зор көңіл бөлінуде. «Ақтоғай – Ақсу-Аюлы» тасжолының жай-күйіне шағым көп екенін атап өткен жөн. Аталған тасжолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Шамамен 20 шақырымы ғана қалған. Ол да биыл аяқталуы тиіс.

Дерекке сүйенсек, «Ақтоғай – Шылым – Ақжарық» жолының 20 шақырымы жөнделіп жатыр. Сондай-ақ, бүгінгі күні тағы 20 шақырымды жөндеуге арналған құжаттама әзірленуде.

Ауыл тұрғындарының айтуынша, жөнделген жолдарды ауыр жүк көліктері бүлдіреді. Тұрғындар мұны да ортаға салып, шағымын жеткізді. Полиция қызметкерлерінен рейдтердің санын көбейтуді сұрап отыр.

Одан бөлек, тұрғындар көмірдің сапасына да наразы екенін жасырмайды.

– Көмірдің сапасын бақылау керек деп бірнеше рет айттым. Қыста денсаулық сақтау және білім беру нысандарын жылытуда ешқандай проблемалар болмауы тиіс, – деп мұқият ескертті Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу аяқталған соң аймақ басшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, сұрақтарын қойын дәптеріне түртіп алды.

**Өз тілшімізден**

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

# Еңбек идеясы еңсені көтереді

**Еңбек адамы – әлеуметтік құрылымдардың маңызды бөлшегіне айналуы тиіс. Еңбек идеясы азаматтық құлшынысты арттырып, қоғамды топтастырушы ретінде, идеялық-бағдарлық ұйыстырушыға айнала алады. Қоғамның барлық тобына тән еңбек идеясы адамдарды әлеуметтік мәртебесіне бөліп қарамастан барлығын толық қамтитын әлеуетке ие.**

Мемлекет басшысы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Еңбек адамы идеясы жалпы халықты еңбекке жұмылдырып, еңбек адамына деген құрметті арттыруы тиіс.

Мамандық таңдау – тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл – өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Сондықтан, болашаққа қадам басар кезде талапкердің де, ата-ананың да «жеті рет өлшеп, бір рет кескені» абзал. Десек те, ол кейде біздің айтқанымыздай бола бермейді. Кейде жоғары оқу орнын бітірген жастарымыздың өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға қызығушылық танытпауының өзі сондықтан.

Шынайы көзқараспен қарайтын болсақ, дұрыс таңдалған мамандық иесі қашан да өз ісінің шебері, әрі білгірі атанып, сұранысқа ие болып жатады. Ол өзі таңдаған бағытын жақсы көріп, сол саланың мақтанышына айнала алады. Әрі бала күнінен шаруашылыққа бейім жастың өсе келе жұмысшы мамандығын да таңдайтыны сөзсіз. Жұмысшы мамандығы бүгінгі күні қайта жанданып, беделі артпақ.

Шындығында, мамандықты адам өз бойындағы қабілеті мен икеміне қарай таңдайды. Ал, сол таңдаған мамандығы бойынша диплом алған соң, оған жолдамамен жұмыс ұсынылса, нұр үстіне нұр болар еді. Президент жолдауынан кейін осындай бір мүмкіндіктер қарастырылса деген үміт бар. Сонда, тұтас жылдың еңбекші мамандықтарға арналуы өзін ақтар еді деп оймаймын.

**Г.ӘЗБАЙ,**
**«Қазақ тілі. Парасат» қоғамдық бірлестіктің төрағасы**

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# Тіл тағдыры – баршаға ортақ

**Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырылған Қазақстан халқының тілдері күні Достық үйінде «Тіл – рухани қазына» атты дөңгелек үстел өтті. Оған аймақтағы тіл жанашырлары, мұғалімдер мен облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей бастаған өңір басшылығының өкілдері қатысты. Жиында мемлекеттік тіл төңірегінде келелі мәселелер көтеріліп, атқарылған шаралар қорытындыланды, атқарылар шаралардың жоспары таныстырылды. Шараны облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма ұйымдастырды.**

**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстел басталмас бұрын «Тіл үйретуде цифрлы технологиялардың мүмкіндігі» атты шағын көрме жиын қатысушыларының назарына ұсынылды. Мамандар қонақтарға тіл үйретуде қолданысқа енген тың әдістер хақында айтып берді. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма оқулықтардың электрондық нұсқаларын көбейтіп жатыр екен. Бұл – заман талабы дейді жауаптылар.

Дөңгелек үстелде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей модератор болды. Ол еліміздегі тіл мәселесі мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатқанын айрықша атап өтті.

– Өздеріңіз білетіндей, тілдерді дамытуға қамқорлық біздің елімізде мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілді. «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңның қабылдануы мемлекеттік тілді дамыту және қолдау үшін де, еліміздің халқы сөйлейтін басқа да тілдерді үйренуге жағдай жасау үшін де маңызды болды. Бұл шара да тегін өтіп отырған жоқ. Осы жолда аянбай тер төгіп жүрген азаматтарға алғысымды білдіремін! – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.



Өткен жылы елдегі тілдік жағдайды жақсартуға және жергілікті деңгейде өзекті мәселелерді шешуге бағытталған елдегі тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғанын атап өткен жөн.

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Салтанат Әбеуованың айтуынша, өткен жылы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттардың үлесі 90%-ды құраған. Биыл көрсеткішті 91,5%-ға жеткізу жоспарланып отыр екен. Ал, мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі 68%-ға дейін жеткізілмек. Бүгінгі таңда аймағымызда оқыту курстары жоғары сұранысқа ие дейді мамандар. Мәселен, алты оқу орталығында сегіз курс ашылған. Онда төрт мыңға жуық тыңдаушы мемлекеттік тілде оқиды. Екі мың адам ағылшынша, елуі орысша, тағы бір елуі түрік тілін үйренуде. Жылдан-жылға мемлекеттік тілді меңгергісі келетіндердің саны артып келе жатқаны қуантады дейді басқарма өкілдері. Мысалы, бүгінгі таңда қазақ тілі курстарында екі мыңға жуық адам білім алып жүр екен.



– Қызмет көрсету сапасын жақсарту және өңір тұрғындары арасында қызмет көрсетудің түрлі салаларында мемлекеттік тілді қолдану дағдысын қалыптастыру үшін биыл Қарағандыда оқыту ірі сауда үйлерінде өтіп жатыр. Оқу орталығының базасында, сондай-ақ, жұмыс берушілердің, немесе, қызметкерлердің сұранысы бойынша әртүрлі мекемелерде жүзеге асырылады. Дәл осындай жұмыстар Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Саран, Приозерск қалаларында және Абай, Осакаров аудандарында ұйымдастырылған, – деді Салтанат Әбеуова.

Дөңгелек үстел соңында мемлекеттік тілді дамытуға ерекше үлес қосқан 14 маман салтанатты түрде марапатталды. Марапаттау рәсіміне Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, өңір басшысы және облыстың тілдерді дамыту басқармасы бастамашы болды.

Суреттерді түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

● АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

# Атомның алтын дәуірі

**Қазақстанда атом энергиясын игеру мәселесі атам заманнан болмаса да, сонау 90-шы жылдары, яғни, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында күн тәртібіне шыққан. Сол жылдары еді ғой, ауыл біткен пілте шамға телміріп, қаладағы ағайын балконға қазан қайнатқаны. Иә, иә, сол кезде ара-тұра болса да, «Бізге АЭС керек» деп айтып қалғанбыз.**

**Алайда, АЭС құрылысына құлшына кірісіп кетуге Одақтан енді ғана енші алған Қазақстанның еш мүмкіндігі болған жоқ. Атом энергиясы айтқанға болмаса, арманның асқағы еді... Екі бүйірден қысқан экономикалық дағдарыстың салдарынан тойып ішер бір күнгі асыңды сақтайтын тоңазытқышың сандыққа, электр бағандары отынға айналып кеткен. Мойындайық...**

**Соңғы екі-үш жылда Қазақстанда АЭС салу идеясы қайта жанданып, қоғамдық талқыға шығып кетті. Мәселе қызу талқыланып жатыр. Бұған қуану керек. Бұл дегеніңіз – әрбір қазақстандық елдің болашағына бейжай қарай алмайды деген сөз. Біздің мақсат – қақ жарылып тұрған тараптардың мықтысының қолтығына су бүркіп, әлсізін табалау емес, қоғамды АЭС-тің тиімділігі жайлы шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету. Сол үшін ортаға қамшы тастап, сөз сұрап отырмыз...**


Коллажды жасаған А.Коктаева

**Ерсін МҰСАБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Таңдау – өзімізде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын. Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр станциясы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын», – деді.

Яғни, Президент пікірталастан қашып отырған жоқ. Ел дамуындағы маңызды шешімдер халықтың пікірін ескере отырып, қабылданатынын қадап айтты. Бұдан бұрын «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында да: «Ел ішінде АЭС құрылысына үзілді-кесілді қарсылық білдіріп жатқандар да бар. Бұл – түсінікті жайт. Көпшілік Семей ядролық полигонының қасіретін әлі ұмыта қойған жоқ. Мұқият назар аударуды қажет ететін басқа да күрделі жайттар бар. Мысалы, жобаның құны мен экологияға әсерін қаперден шығаруға болмайды. Сондықтан, бұл бастаманың мән-маңызын ескере отырып, АЭС құрылысына қатысты мәселені жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсындым. АЭС саламыз ба, салмаймыз ба – мұны халық өзі шешеді», – деген болатын. Міне, содан бері қоғам талқылауында болған референдумға да санаулы күн қалды.

Референдум – демократиялық қағидаттарға толық негізделген қоғамның жария таңдауы. Мұнда диктаторлық шешімге жол берілмейді. Халық өз елінің болашағы мен ұрпағының жарқын өмірі үшін таңдау жасайды. Бұл дегеніміз – қазақстандықтар үшін тарихи жауапкершіліктің өлшемі. АЭС құрылысын қолдаушылар жеңіліс тапқан күннің өзінде, отандастарымыздың референдумға қатысу белсенділігі елдік деңгейімізге сын болмақ. Олай болса, еңселі елдік танытатын сындарлы сәттен сырт қалмағанымыз абзал.

Дәл қазір халық пікірі қара дауылға ұқсап тұр. Энергетика саласының мамандары АЭС-тің тиімділігін дәлелдеуге тырысып жатса, саясаттанушылар референдум нәтижесіне бүгіннен болжам жасап, сәуегейлік танытуда. Ғаламтордан белгілі саясаттанушы Жандос Уәлиханның пікірі ұшырасып қалды. Ол: «Жалпы, байқасаңыздар, Президент нақты «иә» немесе «жоқ» деген өзінің шешімін айтып отырған жоқ. Түбегейлі шешімді халықтың өзіне қалдырып отыр. Президент тек Қазақстанның осы атом электр станциясын салған жағдайда экономикалық, саяси әлеуеті жоғары болатынын назарға алды. Мысалы, біздегі уран қорының үлкендігіне және біздің осы шикізатымыз өзге алпауыт елдерге отын көзі болып отырғанына тоқталды және егер Қазақстан өзінің АЭС-і болып, өз отынын өзі пайдаланса, экономикалық әділеттілік болады деген ішкі ойын білдірді. Референдум нәтижесінде Мемлекет басшысының осы емеурінінен ертеңгі жарқын болашақты таныған халықтың 55 немесе одан көп пайызы АЭС салуды қолдайды деп ойлаймын», – дейді.

Қалай болғанда да, 18-ге толған, дауыс беруге құқылы ешбір азаматтың құқығы шектеліп тұрған жоқ. Ашық талқыланып, еркін жасалған таңдаудың тарихи маңызы зор. Референдум қорытындысында АЭС салуға рұқсат берген халық оны салатын елді таңдауға Парламент арқылы ықпал етуі мүмкін.

### АЭС – жаңа жұмыс орны

Жоба құрылысына қарсылық білдіруші тараптың өкілдері АЭС салынғанның өзінде, маман тапшылығын қалай шешеміз деген пікірді көлденең тартуда. Әрине, алаңдарлық мәселе. Десек те, осы бір ұшқары пікір иелерінің еліміздің іргелі 4 жоғары оқу орнында энергетика саласының мамандары даярланып жатқанынан қалай бейхабар екенін түсіне алмадық. Қазақ жоғары білімінің қарашаңырағы Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дің физика факультетінде «Ядролық физика» мамандығы бұрыннан бар. Назарбаев университеті мен Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Атомдық реакторлар», «Ядролық энергетика» мамандықтары бойынша білікті кадрлар дайындалуда. ҚазҰУ қабырғасында ашылған Мәскеу энергетикалық университетінің филиалы мен Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті мамандар дайындап жатыр. Шетелдерде «Болашақ» бағдарламасы бойынша «Атом өнеркәсібі», «Атом ядросы және бөлшектер физикасы», «Техникалық физика» және «Ядролық инженерия» мамандықтары бойынша оқып келген түлектерді қоспағанда, жоғарыда аталған еліміздегі ЖОО-дары жылына 80-100 энергетика саласының мамандарын дайындап шығарады екен.

*__Мамандардың болжауына сүйенсек, АЭС құрылысына шамамен 10-12 жыл уақыт кетеді екен. Әлемдік тәжірибеде 15-20 жыл салып жатқан елдер де бар. Алдағы референдум қорытындысында жобаны жақтаушылар жеңіске жетсе, жыл соңына дейін вендор (бас мердігер компания) анықталуы мүмкін. 2025-2029 жылдары құжаттарды рәсімдеп, 2029 жылы алғашқы бетон құйылса, 2034-2035 жылдары бірінші блоктың игілігін көреді екенбіз.__*

Бұл статистиканы азсынсаңыз, «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС атом энергетикасы бөлімінің жетекші инженері Асуан Сиябеков осыдан екі жыл бұрын «DALA news» тілшісіне берген сұхбатында: «Бүгінгі таңда біздің елімізде атом саласының 20 мыңнан астам жоғары білімді маманы бар», – деп жар салған екен.

Сондай-ақ, АЭС құрылысы бүгін бастап, ертең бітіретін көмір қора емес қой. Мамандардың болжауына сүйенсек, АЭС құрылысына шамамен 10-12 жыл уақыт кетеді екен. Әлемдік тәжірибеде 15-20 жыл салып жатқан елдер де бар. Алдағы референдум қорытындысында жобаны жақтаушылар жеңіске жетсе, жыл соңына дейін вендор (бас мердігер компания) анықталуы мүмкін. 2025-2029 жылдары құжаттарды рәсімдеп, 2029 жылы алғашқы бетон құйылса, 2034-2035 жылдары бірінші блоктың игілігін көреді екенбіз. Осынша уақыт ішінде тағы да мыңдаған түлек атом саласының қыр-сырын игеріп шығатыны кәміл емес пе?! Ендеше, маман тапшылығын айтып алаңдауға еш негіз жоқ.

Станция құрылысы кезінде 8000 адам жұмыспен қамтылып, іске қосылғаннан кейін 2000 адам осы АЭС-тен нәпақа айыратынын айтады мамандар.

Қалай десек те, Қазақстан атомның алтын дәуіріне қадам басқалы тұр.

# АЭС – бізге қажет

**Бүгінгі таңда еліміздегі электр энергиясын өндірудің негізгі үлесі жалпы өндірістің 66 пайызын қамтамасыз ететін көмір станцияларына тиесілі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылатын энергия көздері 148 нысанды құрайды. Яғни өндіру үлесі ЖЭК-тің шамамен 6 пайызына жетті. Нысанның саны көп болғанымен, алатын қуатымыз – 36%. Ал, көмір станцияларына келетін болсақ, 17 пайызды ғана құрайды.**

2035 жылға қарай жиынтық қуаты 26,5 ГВт жаңа өндіруші қуаттарды іске қосуды қамтамасыз ету талап етіледі. Бұндай жоғары қуатты Қазақстанда өндіру мүмкін емес екені анық. Бұл дегеніміз, бізге жаңа энергия көзін алатын нысанды салу болып табылады.

Сол себепті бізге АЭС салу қажет деп санаймын. АЭС құрылысы тек энергетикалық және экологиялық міндеттерді шешіп қана қоймай, ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Халықаралық әріптестермен бірлескен жобалар Қазақстанды уран өндіруде әлемдік көшбасшы ретінде ғана емес, атом саласындағы жоғары технологиялық шешімдерде де жаңа деңгейге көтеруге көмектеседі.

**Бекболат МАҒАУИН,**
**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Энергетикалық жүйелер» кафедрасының аға оқытушысы**

● РЕФЕРЕНДУМ – 2024

# Көміртегі бейтараптығы жолында маңызды қадам

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында атап өткендей, атом электр станциясын салу – өзекті тақырып. Бұл – маңызды, әрі дер кезінде жасалған қадам.**

Біріншіден, энергетикалық тәуелсіздік және тұрақтылық тұрғысында қарастырған жөн. Қазақстанда уранның қомақты қоры бар. Ол атом электр станциясын салуды қисынды және экономикалық тұрғыдан орынды шешімге айналдырады.

Өз шикізатымызды пайдалану еліміздің импорттық ресурстарымызға тәуелділігін азайтуға және ұзақмерзімді перспективада энергетикалық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атом электр станциясы отын энергиясы шығындары үлкен көлемді электр энергиясын өндіруге қабілетті. Ол халық пен кәсіп үшін электр энергиясын тұрақты және болжамды бағада қамтамасыз етеді.

Екіншіден, атом электр станциясын салуды қолдайтын негізгі дәлелдердің бірі – дәстүрлі және газ электр станцияларымен салыстырғанда экологиялық таза.

Атом электр станциялары атмосфераға көмірқышқыл газын және басқа да зиянды заттарды іс жүзінде шығармайды. Бұл парниктік әсерді азайтуға және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға көмектеседі. Қазақстан парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауға ұмтылып отырғандықтан, атом электр станциясының құрылысы көміртегі бейтараптығы жолында маңызды қадам болмақ.

Үшіншіден, сенімділік пен қауіпсіздік. Атом энергиясының заманауи технологиялары электр станцияларын өндірудің ең қауіпсіз түрлерінің біріне айналдырады. Бүгінгі станциялар қауіпсіздіктің ең қатал стандарттарын, соның ішінде, көпдеңгейлі қорғаныс жүйесін және автоматтандырылған басқару жүйелерін ескере отырып, жобаланған. Сондай-ақ, Қазақстан атом электр станциялары бар басқа елдердің тәжірибесін пайдалана алады. Оның ішінде, Жапония, Франция, Оңтүстік Корея сияқты елдердің тәжірибесін пайдаланамыз. Бұл тәуекелдерді барынша азайтады және станцияның сенімді жұмысын қамтамасыз етеді.

Төртінші, экономикалық даму және жұмыс орындарын құру. Атом электр станциясы – халық шаруашылығын дамытудың қуатты ынталандырушысы. Жоба станцияны салу және пайдалану кезінде мыңдаған жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құрылыс, металлургия, машина жасау, көлік сияқты салалардың дамуына ықпал етеді. Арзан және сенімді электр қуатын береді. Бұл – инвестиция тартудың және Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін дамытудың маңызды факторы.

Бесінші, ғылыми-техникалық прогресс және білім берудің дамуы. Атом электр станциясының құрылысы Қазақстанның ғылыми-техникалық базасын дамытуға қуатты серпін береді. Ауқымды жобаны жүзеге асыру атом энергетикасы саласында жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етеді. Бұл ғылыми-зерттеу институттардың дамуына ықпал етеді.

Халықаралық ынтымақтастық пен әлемнің жетекші ғылыми орталықтарымен тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, біздің Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ-дың мамандары, студенттері, түлектері АЭС салынған шақта өздерінің қабілетін көрсетеді. Студенттер университетті аяқтаған соң АЭС құрылыс жұмыстарына белсенді қатыса алады.

АЭС салу – елімізде энергетикалық, экономкалық және экологиялық аспектілерде айтарлықтай пайда әкелетін стратегиялық маңызды жоба. Алдағы ұзақ жылдар бойы Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін тұрақты қамтамасыз етудің негізгі элементіне айналады. Мен бұл жобаны толық қолдаймын. Бұл еліміздің өркендеуіне маңызды үлес қосатынына сенімдімін.

**Абай ҚАЛЫҚОВ,**
**Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры.**

# Тарихи оқиғаның куәсі болайық

**Ел Президенті жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында ел дамуының бірқатар маңызды бағыттарын атап өтті.**

**Салық заңнамасына, шағын және орта бизнеске, банк саласына, ауыл шаруашылығына, инвестицияларға қатысты мәселелер қозғалды.**

Қазақстанда АЭС салу бойынша референдум туралы мәселе аса өзекті. Бұл тақырып соңғы уақытта жұртшылық арасында үнемі көтеріліп келеді. Кейбіреулер құрылысты «жақтайды», кейбіреулері «қарсы».

Бұл тұрғыда біздің жылу және энергия көздеріміздің көп бөлігі көмір сияқты жаңартылмайтын энергия көздерінде жұмыс істейтінін түсіну маңызды. Кейбір сарапшылардың бағалауы бойынша 15-20 жылдан кейін біз мұндай көздердің жетіспеушілігіне тап болуымыз мүмкін. Жалғыз шешім – атом электр станциясы.

Иә, қазіргі таңда жұртшылық кез келген төтенше жағдайдан қорқады. Бірақ, мұндай маңызды объектінің құрылысы мен пайдаланылуын МАГАТЭ сияқты халықаралық ұйымдар бақылайтынын түсіну маңызды.

АЭС-тің құрылысы мен жұмысының барысын бақылайтын сыртқы бақылаушылар бар. Атом электр станциясын салатын мердігер өз қызметінде үлкен тәжірибесі бар шетелдік ұйым болады.

АЭС – электр энергетикасын дамытудың заманауи құралы. Әрине, құрылыс туралы шешімді Қазақстан халқы 2024 жылғы 6 қазанда өтетін референдумда қабылдайды.

Сондықтан, әрбір қазақстандық референдумға қатысып, өзінің таңдауын жасағаны жөн.

Мен өз құқығымды пайдаланып, тарихи оқиғаның куәсі болып қана қоймай, оны өзгертуге атсалысамын. Референдумға қатысып, таңдау жасау – әркімнің азаматтық борышы.

**Арафат МАЖИТОВ,**
**«AMANAT» партиясының жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалының кеңесшісі**

# Отбасы – Отан тірегі, қоғам жүрегі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаржылай көмек әр балаға да беріледі. Қыркүйектің біріндегі мәлімет бойынша атаулы әлеуметтік көмек 1 287 отбасындағы 5 997 адамға көрсетілді. Оның ішінде, 458 көпбалалы отбасы бар. Одан бөлек, алты жасқа дейінгі 1 712 бала да қаржылай көмек алды. Атаулы әлеуметтік көмек негізінен, қаржылай көмек және жұмысқа қабілетті отбасы мүшелеріне жұмыс тауып беру арқылы отбасын қиын жағдайдан шығаруды көздейді. Көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы да ай сайын тұрақты түрде төленіп отырады.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет есебінен аз қамтылған отбасыларға тұрғын үй көмегі көрсетілетінін де айта кеткен орынды. Соңғы деректер бойынша мұндай көмекті 2 402 адам, яғни, 2 069 отбасы алған. Айтылып та, жазылып та жататын «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас», «Ұрпақтар келісімшарты», «Jumys tap», «Мүмкіндіктер марафоны», «Қарызсыз қоғам» секілді жобалар жеке адамды нысанаға ала отырып, оны дамытады, ынталандырады, әлеуметтік тұрғыда қалыптастырады. Мұның сыртында бала күтіміне байланысты жәрдемақыны 1,5 жылға дейін созу, балаларға Ұлттық қор табысынан түсетін қаржылай көмек туралы айтпай кетуге болмас.

**АЙМАҚТЫҢ ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫНДА 1 МИЛЛИОН 134 МЫҢ АДАМ БАР**

**БҰЛ, 413 МЫҢ ОТБАСЫ**

*Көпбалалы аналар – 7 713 адам*
*Көпбалалы отбасылар – 15 047*
*Әлеуметтік аз қамтылған отбасылар – 9 555*

***Атаулы әлеуметтік көмек***
*1 287 отбасы алды*
*Ол – 5 997 адам*
*Оның 458-і көпбалалы отбасы*
*1 712 балаға ақшалай қолдау жасалды*

***Отбасын қолдау орталықтары***

- *Қарағанды қаласы*
- *Балқаш қаласы (екеу)*
- *Теміртау қаласы*
- *Саран қаласы*
- *Абай ауданы*
- *Бұқар жырау ауданы*
- *Қарқаралы ауданы*
- *Осакаров ауданы*
- *Шет ауданында*



Инфографиканы жасаған А.Рахымжан

Отбасын қолдау орталықтары тікелей қиын жағдайдағы отбасыларға бағдарланған. Мұндай орталықтардың санының артуы мемлекеттің отбасыларға жасалған қолдау мен көмегін айқын көруге болады. Облыс орталығынан бөлек, орталықтар Теміртау, Балқаш, Саран қалалары мен Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Осакаров, Шет аудандарында жұмыс істеп тұр. Орталық мамандары құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетуге әзір. Десе де, мұнда көмектен де маңыздырақ дүние бар. Ол – отбасылық құндылықтар.

### Отбасы құндылығы өзгере ме?

Осыдан екі жыл бұрын Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Қазақстандық отбасылар» ұлттық баяндамасын әзірледі. Сарапшылардың пікірінше, қазақстандықтардың көпшілігі отбасы құндылығын мойындайды. Қазақстандық отбасылар балаларының бойына сіңіруге тырысатын басты құндылықтардың ішінде еңбексүйгіштік – 33,8%, өзін-өзі құрметтеу – 31,8%, адалдық – 31,7%, үлкендерге құрмет – 25,3% және басқаларға құрмет – 16,6% бар. Бірақ осы көрсеткіштерді осыдан он жыл бұрынғы деректермен салыстырсақ, құндылықтар да өзгерген. Мәселен, жоғарыда айтқан еңбексүйгіштік 2020 жылы 64,1% болса, 2022 жылы 33,8%-ға төмендеген. Үлкенге құрмет он жыл бұрынғы 54,9%-дан 25,3%-ға азайған. Отанға деген махаббат 16,4%-дан 7,1%-ға түскен. Отбасы институты мен оның құндылықтары біртіндеп өзгере бастағанын статистикалық дәйексіз-ақ аңғару қиын емес. Ұлттық баяндаманы әзірлеген әлеуметтанушылар елімізде отбасылық құндылықтардың өзгеруіне бірқатар факторлардың әсер етіп жатқанын алға тартады. Олардың ішінде тек ішкі ғана емес, сонымен қатар, сыртқы жаһандану процесінің әсері зор. Бүгінде көптеген ерлі-зайыптылар үйлену тойы мен баспанаға ақша жинау үшін «азаматтық» некеде тұра бергенді құп көреді. Сондықтан, некені ресми тіркеуге асықпайды. Отбасы құндылықтарының тағы бір тенденциясы – ерлі-зайыптылар арасындағы келісім негізінде отбасын құру. Олар отбасында да, кәсіпте де өзін-өзі жүзеге асыру үшін серіктес болады. Сонымен қатар, сарапшылар жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне қазақстандық отбасылардағы негізгі үш құндылықты көрсетеді. Жауап берушілердің 62,7%-ы үшін біріншісі – бір-біріне қамқорлық жасау, өзара сыйластық, қолдау көрсету. Одан кейін – махаббат (43,2%) және балалар (38,7%). Отбасы – шағын мемлекет десек, ондағы кез келген өзгерістер қоғамдағы өзгерістерге алып келеді. Тұтас мемлекеттің мықтылығы қоғамдағы сан миллион отбасының ахуалымен өлшенеді.

● БЕРІК ІРГЕ

# Отбасы берік болуы үшін ...

**Әдетте тойларда тілек айтқанда үлкендер «Үйлену – оңай, үй болу – қиын» дейді. Расымен де үйлену салтанаты – бір күнде өте шығатын дүние, ал, үй болуға, берекелі шаңырақ иесі болуға өмір бойы үйрену керек екен.**

**Берік отбасының негізі неде? Отбасының бақытты, бай-қуатты өміріне тікелей әсер ететін бірнеше факторды екшедік. Назар аударып көріңіз...**

### Бірінші байлық – денсаулық



**Лили ПАК,**

**облыстық отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығының бөлім меңгерушісі, репродуктолог:**

– Отбасын құруға дайындық жасөспірім кезінен басталуы керек. Қазір жеткіншектер тез жетіледі, ерте есейеді. Ақпаратқа еш шектеу жоқ. Барлық ата-ана балаларымен ашық сөйлесе алмайды. Баланың дамып, өзгеріп жатқанын байқаса сырттан кеңес сұрамауы үшін маманға әкелу керек. Сондықтан, ата-анасы ұлдың да, қыздың да денсаулығын қалыпты ұстап, бақылап жүруі тиіс.

Мен қабылдауға жұптарды бірге шақырамын. Отбасын құруға, дені сау ұрпақты дүниеге әкелуге екі адамның да қатысы бар. Бүгінде ер адамдар да қабылдауға келіп, дәрігердің ұсыныстарын орындайды. Осыдан оншақты жыл бұрын ер адамдар дәрігерден қашып, тексерілмесе де, өзін «саумын» дейтін. Қазір олай емес. Диагностика әлдеқайда жақсарды. Соның нәтижесінде болар, бедеулік әйелдерден гөрі, ер адамдар арасында жиі кездесетін болды. Балалы бола алмай ажырасып кетіп жатқан отбасылар көп. Сосын тағы бір мәселе, отбасында денсаулығында кемістігі бар бала дүниеге келсе, біздің қоғам әйелді кінәлап жатады. Алайда, балада ердің де, әйелдің де хромосомалары бар емес пе? Әйелін кінәлап, отбасынан кетіп қалатын ер адамдар да кездеседі. Бұл – қате пайым. Дені сау баланы дүниеге әкелу үшін кем дегенде үш ай бұрын дайындықты бастау керек, ер де, әйел де. Ішімдік, энергетик ішпей, темекі тартпай, насыбай атпай, фастфуд жемей, денені шынықтырып, дұрыс тамақтанып, артық салмағы болса, арылуға тырысқаны дұрыс. Қосымша дәрумендер, фолий қышқылын пайдалану керек. Сосын тиісті дәрігерлік тексерулерден уақытылы өткен абзал.

### Жан тыныштығы – ортақ келісімде



**Лаура ӘЛІПБАЕВА,**

**отбасын қолдау орталығының психотерапевт маманы:**

– Отбасының психологиялық ахуалы – өте маңызды. Әсіресе, қазіргі заманда өзекті. Ол отбасының барлық мүшесіне эмоционалдық, психологиялық әсер етеді. Сондықтан, отбасы мүшелерінің бір-бірін ести алуы, түсіне алуы және келісе алуы өте маңызды. Осы үш қағидатты ұстанған отбасының берекесі артады, шаңырағы шайқалмайды. Мысалы, тұрмыстық қатынаста «мен шаршап тұрмын, мынаған көмектесші» деп міндеттемелерді бөлу және екінші адамның оның ести алуы және келісу. Ойымен бөлісе алуы, ештеңені жасырмау да маңызды. Отбасылар әу бастан келісіп, бір-бірімен сырласып, жасырын әрекеттер жасамауы қажет. Іштей қаламай, бірақ төзе берсе, уақыт өте келе ол психикалық ауытқуларға алып келеді немесе соматикалық ауруға ұшыратады.

Менің практикамда ести алу, түсіне алу және келісу отбасында өте маңызды. Бұл балаға да қатысты. Бала «каратэге бармаймын, суретке барамын» десе, оны оның қалауынан тыс каратэге беруге болмайды. Баланы да ести алу қажет. Балаға мектебі ұнамаса, сыныптастары ренжітсе, сабаққа бармай жиі «ауырады», бірese іші, біресе басы. Бұл баланы «естімегеннің» салдары. Оны ата-анасы, сынып жетекшесі, мектеп басшысы ести алуы керек, шешуі керек. Әйтпесе, балада психосоматикалық аурулар пайда болады.

### Қарыз – отбасын құрдымға кетіреді



**Әсел АТАБАЕВА,**

**«Қарызсыз қоғам» жобасының Қарағанды облысы бойынша жетекшісі:**

– Қаржылық ахуал отбасының берекесіне тікелей әсер етеді. Материалдық жағдайы төмен қаншама отбасылар ажырасып жатады.

Жастар отбасында қаражатты бөлек ұстайтынын байқаймын. Біздің сабақтарымызда берілген тапсырмаларды орындау «бізді біріктірді» деп жатады олар. Қаражатты басқару, болашақты жоспарлау отбасын ұйыстырады. Отбасы болашағын жоспарлап, соған қарай қаражат жинауы тиіс. Мәселен, жас отбасы балалы болса, баспананы үлкейту, баланың біліміне, бірге демалысқа ақшаны жоспарлай білуі керек. Ортақ бюджет жүргізбесе де, міндеттемелерді бөліп алуы керек. Біреуі тамаққа, келесісі үйге қажетті заттарға, киім-кешекке жауапты болсын.

Міндетті түрде қаражат есебін жүргізу қажет. Оқитындардың 10%-ы ғана есеп жүргізеді екен. Қалғандары жай ғана еңбекақыдан еңбекақыға дейін «ақшасын шашып» өмір сүреді. Бір жағдай бола қалса, жиған-тергені жоқ, бірден несие алуға жүгіріп, қарызға батады.

Ондай отбасыларда балалар несие алу қалыпты жағдай деп қабылдап кеткен. Бұл дұрыс емес. Балалар да өсе келе осыны қайталайды. Инвестиция, инфляция, облигация дегендер оларға таныс емес. Енді несие ерлі-зайыптылардың ортақ келісімімен рәсімделеді. Бұл – ортақ жауапкершілік.

● ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

# «Капернаумнан» кейінгі ойлар

**Ливандық режиссер Надин Лабакидің 2018 жылы шыққан «Капернаум» фильмін әр ата-ана көруі тиіс. Бала алдындағы миссиясын түйсінуі үшін. Өйткені, ол кино – өмірдің удай шындығы.**

**Киноның өзегі – өзін өмірге әкелгені үшін ата-анасын Зейн есімді баланың сотқа беруі. Баланы қаптатып туып, оның ешбіріне білім түгілі құжат та алып бермеген ата-анасына Зейннің қаны қараяды. Қатыгездіктен емес, әрине. Қайырым көрмегендіктен, басқа қылар қайраны қалмағандықтан.**

**Әлбетте, әке-шешесін сотқа сүйрейтін бала бізден шыға қоймас. Бірақ, ессіз, есер әке-шешесіне өкпелі бала қазақ қоғамында жоқ дей алмайсыз. Бар. Ел ішінде ондай Зейндер көп. Қоғам тек оларды біле бермейді. Баяғы қазақтың «Қол сынса – жең ішінде, бас жарылса – бөрік ішінде» ұстанымы. Ал, ол жең жыртылмай ма? Бөрік бастан шешілмей ме түбі бір? Сол уақытта не болмақ? Қисық біткен қол, жарымжан бас кімге керек ол кезде?**

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

...Бір баланың да, бірнеше баланың да тәрбиесі – жалғыз-ақ. Ол – дені сау, ақыл-есі түзу, білімді, білікті азамат етіп шығару. Несін жасырайық, «Капернаумнан» кейін қазақтың баланы бір-біріне бақтыратын «дәстүрі» бұл күні «өзгерісті» қажет ететінін ұғындық. Дәл қазіргі заманға «бала өзімен-өзі өседі» деген қасаң қағидат жүрмейді. Балаңызды біреудің құлақ кесті құлы, я күңі қылғыңыз келмесе, оның шыр етіп, дүниеге келгенінен, таудай боп, жоғары оқу орнын бітіріп, маман атанғанынша, жаныңыз жай таппауы тиіс. Сіз – оған жауаптысыз!



Сурет ашық дереккөзден

Мектепке тапсырып қойып, «Аттестат алып шысқа, болды. Одан соң бір оқуға іліктіріп, бір диплом алса, жетеді» деген таяз, мақсатсыз түсінікті бүгінгі заман көтермейді. Бұл арада білім мен тәрбие қатар, бір-бірінен қалмай жүруі тиіс. Әйткенмен, бұл тең емес.

Қазір ұлдың ынжықтығына, қыздың бетпақтығына қоғам кімді кінәларын білмей дал. Әйтеуір, сырттан келген жағымсыз әдеттерге жаба салу жеңіл. Еліктеу, солықтау деп, сытылып шығу одан да жеңілірек екен. Ал, шындығында, ынжық қылатын да, бетпақ қылатын да сіз бен біз...

...Қоғамдық көлікте шешесінің шамамен 7-8 сыныпта оқитын ұлының жер-жебіріне жетіп, зіркілдегенін көрдік. Жүрегіміз зу ете қалды.

...Сауда үйінде жұдырықтай 5-6 жастағы қыз балаға анасының бетпақтанып, «су ми!» деп айғайлағанын көрдік. Жанымыз күздің қара суығында қалған жапырақтай қалтырап қоя берді.

Көрер көзіміз куә болған бұлардан соң көңіліміз пәсейіп қалды. Біреудің баласына бірдеңе деуге хақымыз жоқ. Бірақ сол ұл мен қыздың жүні жығылып, жалтақ-жалтақ қарап, жазықсыз жерде жазалы боп тұрғанын аңғардық. Мына ұлдан енді ынжық, анау қыз баладан енді бетпақ шығарына дау жоқ еді. Себебі...

...«Баланы тәрбиелегенше өзіңді тәрбиеле» дейді қазіргі психологтар. Рас. Бала – сіздің көшірмеңіз. Сіздің іс-әрекетті бала кез келген уақытта қайталайды. Бала тәрбиелі болуы үшін сіз өз әрекетіңізді түзеңіз. Шешелерін тоқтатып алып, соны айтқымыз келді. Әйткенмен, «Баламда шаруаң болмасын, өзім білем» деп бетімізден алары тағы анық еді.

...Ұлдың ұнжырғасын түсіріп, қызды мейірімсіз қылатын не? Осылар. Бұрынғыны білмейміз, балаға деген дәл осындай дөрекі, суық қарым-қатынас қатыгездіктің дәнін сеуіп тастайтын сияқты.

...Балаға жекіп, ұрсу арқылы тәрбиелеу санаға сыймайды екен. Себебі, бала біздікі болғанымен, оның да жеке адам, жеке өз ой-көзқарасы бар болашақ тұлға екені естен шығып кетеді. Содан соң ер жетіп, бой жеткенде тәрбиеден жіберген бұл қателіктер бармақты карш-карш шайнатады.

...«Тәрбие деген не?», – деді балам. «Менің тәрбиемнің жемісі – сен», – дедім мен. «Тәрбиенің тұтас анықтамасы жоқ. Ол – әр жақсы әдеттен жинақталған жиынтық», – дедім. «Түсіндім», – деді балам. Үнсіздік.

«Мен үшін «көргенсіздің баласы» – деген ең ауыр сөз» дедім. «Түсіндім», – деді балам. Үнсіздік.

Екеуміз үнсіз ғана бұл сөзді басқаға айтқызбауға іштей уағдаластық. Оны балам да сезді. Мен де сездім.

Сіз ше? Сіз балаңызбен неге уәделестіңіз?!

● МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ НҰРТАС ОҢДАСЫНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

# Қазақтың қайсар ұлы

**Кешегі Кеңес дәуірінде үкімет басқарған қазақтың талай даңқты ұлдары болды. Бір ғана Жұмабек Тәшеновтің өзі неге тұрады?! Отыз жыл Қазақстанның бірінші басшысы болған Д.Қонаев есімі де ілтипатпен аталады. Ал, осылардың ішінде онша көп атала бермейтін бір адам бар. Ол – 1938 жылдан 1951 жылға дейін соғыстың нағыз ауыр жылдарында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы, яғни, үкімет басшысы болған Нұртас Оңдасынов еді. Оны ұмытудың түрлі себептері бар екенін қалың оқырман біле бермейді. Қазақстанға бір кісідей еңбек сіңірген Нұртас Дәндібайұлын бәріміз де жөнді білмейтін едік. Анда-санда атын естігеніміз болмаса. Бірақ, бұл олқылықтың орнын бір қаламдасымыз толтырды. Ол былай болған еді...**



1970-1980 жылдары облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде тілші болып Гүлсім Оразалиева деген журналист қызмет істеді. Негізінен мәдениет, өнер тақырыбын жазатын. Өзі Түркістан облысынан болатын. Күнделікті әңгіме барысында «Нұртас Оңдасынов деген ағамыз болған еді» деп жиі-жиі айта беретін. Жалпы, қалам ұстаған адамдар бір нәрсе естісе, елең ете қалатын әдеттері бар. Сол әдетпен «Ол кім еді, саған қандай қатысы бар?» деп сұрай бастадық. Сөйтсек, Гүлсім және оның ерінің Қарағандыға келуінің өзіндік себебі бар екен. Дәл сол 70-ші жылдары Евней Бөкетовтің дүрілдеп тұрған, жаңа ашылған ҚарМУ-дің ректоры болған кез. Оның жұбайы Зүбәйра Оңдасынова-Бөкетова сол Нұртас ағаның қарындасы екен. Алматыдан екі жылдық театр студиясын бітіріп, қайда барарын білмей тұрғанда Гүлсімнің немере туысы Зүбәйра апасы оларды Қарағандыға шақырады. Сөйтіп, екі жас жұбай С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрына артист болып қызметке тұрады. Уақыт өтіп жатады. Содан Зүбәйра апасы: «Қашанғы артист болып жүре бересіңдер. Одан да оқу оқып, жоғары білім алыңдар», – деп ақыл қосады. Сөйтіп, Гүлсім ҚарМУ-дің филология факультетіне, отағасы заң факультетіне оқуға түседі. Оны бітірген соң Гүлсім «Орталық Қазақстан» газетіне, ері прокуратураға қызметке тұрады. Осылайша, Оңдасыновтардың жақсылығын жас отбасы көреді. Гүлсім болса, Евней Арыстанұлы тәрізді ағаның отбасымен араласып, сол кездегі Қарағандының зиялы қауымымен жақын таныс болады. Өзі де солардың қасына қосылды. Бір кездері қамқорлық жасаған Зүбәйра апасының еңбегін ақтап, Гүлсім 2004 жылы Нұртас Оңдасыновтың 100 жылдығына орай оның ғұмырбаянын зерттеп, тырнақтап мәлімет жинап, мемуарлық кітап жазып шығады. Олқылықтың орны толып, Нұртас ағаны көпшілік білетін болды. Биыл туғанына 120 жыл толып отырған Нұртас Дәндібайұлы кім еді? Оны тағы бір еске түсіріп көрелік.

2005 жылы шыққан «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 7-ші томында Н.Оңдасыновтың мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өмірбаяны толық берілген. Ол Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы, бұрынғы Амангелді атындағы колхоздың аймағында 1904 жылы 26 қазанда дүниеге келген. 1989 жылы 4 қарашада Мәскеуде қайтыс болған, бірақ туған жеріне әкеп жерлеген.

Нұртас бала кезінде жетім қалып, ағаларының қолында тәрбиеленеді. Ол уақыт Қазан төңкерісінен кейінгі азамат соғысының ашаршылық жайлаған аумалы-төкпелі кезеңі еді. Күнкөріс қиын, тамақ табудың өзі зор заман болатын. Жетім балалар ерте еңбекке араласып, Ташкенттің түбіндегі Келес кірпіш заводында қара жұмысқа араласады. Буыны қатпаған бозбала қара табан болып, ауыр жұмысқа жегіледі, нан тауып жеудің қиындығын ерте түсінеді. Әрі бұлай жүре беруге болмайтынын біліп, қалай да оқу керек деп ойлайды. Ақыры, ағаларының қарсылығына қарамастан Ташкент қаласына аттанады. Осындағы жетім балаларға арналған №14 қазақ мектеп-интернатына қабылданып, оқуға барынша ынтасымен кіріседі. Үстіне дұрыс киім киіп, тамағы тоқ болады. Оқуда үздік болып, зеректігімен көзге түседі. Оның және сол кездегі осы интернатта оқыған қазақ балаларының бақытына орай бұлар Ғани Мұратбаевтан тәрбие мен білім алған еді. Комсомол жастардың жетекшісі ретінде тарихта есімі қалған Ғани 1920 жылы Ташкентте қызмет жасап жүрген кезі екен. Ол осы №14 қазақ мектеп-интернатына шефтік етеді. Осында комсомол ұйымын ашып, оған Нұртасты хатшы етіп сайлайды. Әрі интернат балаларына орыс тілінен сабақ береді. Аз уақыттың ішінде орыс әліппесін үйретіп шығады. Ол сабақты қызықты етіп өткізіп, әлемде не болып жатқанынан мағлұмат беріп, оларға саяси сабақ та берген екен. Кейіннен Ғани туралы жазған естелігінде Нұртас Дәндібайұлы былай дейді: «Интернатта да, кейін Қазақ орман шаруашылығы техникумында да маған комсомол ұйымын басқаруға үнемі сенім білдірілді. Бұл Ғанимен аудандық комсомол комитетінде, конференцияларда жиі кездесіп тұруға мүмкіндік берді». Сөйтіп, оның алғашқы ұстазы Ғани Мұратбаев болса, орман шаруашылығы техникумында оқығанда Мұхтар Әуезовтен дәріс алады. Ұлы Мұқаңның дәрістерін тыңдап, қазақта Абай деген ақын болғанын бірінші рет естиді. Сөйтіп, ұлы Абайдың шығармаларына ден қояды. Ой-өрісі кеңіп, білімі молаяды, өзі қатарлас жастардан едәуір озық болады. Бір айта кететін жай, Ташкенттегі интернатта сол заманда оқыған қазақ балаларының ішінен кейін оқымысты, айтулы азаматтар көп шыққан. Мысалы, жазушы Өтебай Тұрманжанов, әдебиетші-ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев және көптеген мемлекет қайраткерлері білім алған екен. Солардың бірі – осы Нұртас Оңдасынов еді.

Ол 1922-1927 жылдары Ташкенттегі қазақ орман шаруашылығы техникумында оқиды. Оны бітірісімен бірден Қызылорда, одан соң Әулие Ата, Шымкент қалаларына су шаруашылығы мекемелеріне техник маман ретінде қызметке жіберіледі. Үш жыл өндірісте жұмыс істеп, Шымкенттің су шаруашылығы округтік басқармасының технигіне дейін көтеріледі. 1930 жылы Ташкенттегі Орта Азиялық ирригация инженерлері мен техниктерін даярлайтын институтқа түседі. Бұл осы аймақтағы ең ірі жоғары оқу орны болатын. Сол жылдары қазақтың көптеген қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар осы Ташкент қаласында болып, қызмет істеген ғой. Мұхтар Әуезов бастаған сол зиялы қауым өкілдері жастармен жиі кездесіп, дәріс беріп, өздерінің білгендерін үйретеді. Сол ғалым ағаларының лекцияларын тыңдаған студенттер жан-жақты білімді болып шыққаны анық. Осындай зерек жастардың ішінде Нұртас та болды. Ол институтты бітіргеннен кейін 6 айдай рабфакта сабақ береді. Бірақ Қазақстанда жоғары білімді мамандар жетпей жатқандықтан Нұртас Оңдасынов жас маман ретінде Алматыға шақырылады. «Казлесхозстрой» тресіне директордың орынбасары, одан кейін директоры болып тағайындалады.

Ташкенттен отбасы мүшелерін, жұбайы Валентина Астапованы, ұлы Ескендір және ағасы Дүйсеннің қызы Зүбәйраны алдырады. Қарындасы Зүбәйраны Ташкентке күнкөріс іздеп келген жерінен өз қолына алған еді. Алматыда оқытып, өз қамқорлығына алады. Осы мақаланың басында Зүбәйра Оңдасынованың Евней Бөкетовтің жұбайы екенін жазған едік.

Содан 1936 жылы Халық комиссарлары кеңесінің ауыл шаруашылық бөлімі меңгерушісі болып ауысады. Мұнда ол іскерлігімен көзге түседі. 1938 жылдың басында орталығы Семей қаласында орналасқан Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Оның бұлайша қызмет баспалдағымен тез өсуінің өзі оның жаңашылдыққа жаны құмар іскерлігін аңғартады. Нұртас аға өзінің естелігінде: «Семейге баруға қарсылық білдіріп, ондай үлкен қызметке тәжірибем жетіспейді деп едім. Ол кездегі Орталық комитеттің бірінші хатшысы Л.Мирзоян менің сылтауымды қабылдамады. Жоғары Кеңестің сессиясында бекітіп, 1938 жылдың басында Семейге кеттім», – деп жазады. Содан жылдың ортасында енді ғана атқару комитетінің жұмысын меңгере бастағанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Николай Скворцов (Мирзояннан кейінгі хатшы) шақыртады. Бұдан бұрын да ол екі рет шақыртып, лауазымды қызмет ұсынған екен. Бірақ Нұртас Дәндібайұлы бас тартыпты. Бұл жолы бірінші хатшы мәселені төтесінен қояды да: «Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағалығына сізді ұсынамын. Ертең Жоғарғы кеңестің мәжілісінде қаралады, отказ беріп жүрмеңіз», – деп ескертеді. Нұртас болса, «Мұндай үлкен қызметке даяр емеспін, әрі Шаяхметовпен тіл табыса алмаймын» деп сылтауратып көреді. Себебі, Шаяхметов бір нәрсенің байыбына бармай, айғайлай жөнелетін мінезі болған екен. Бірақ Скворцов қысқа қайырып: «Біз партияның солдатымыз, қайда жұмсаса, сонда баруға тиіспіз», – дейді.

Содан, 1938 жылы 17 шілдеде Нұртас Оңдасынов Қазақстан КП ОК Бюро мүшелігіне өтіп, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің бірінші сессиясында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып тағайындалады. Сол 30-шы жылдары болған аштықтан кейін 1933 жылы 21 қаңтарында Ф.Голощекин орнынан алынып, оның асыра сілтеуі айыпталған еді. Оның орнына Л.Мирзоян тағайындалып, елге тыныштық орнады. Елімізде ірі өндіріс орындары ашылды. Олардың қатарында Шымкент қорғасын заводы, Балқаш мыс, Риддердің мырыш заводы, Ащысайдағы полиметалл, Ақтөбедегі химия комбинаты, Қарағандының жаңа шахталары, 1500 шақырымдық Түрксіб теміржолы салынып бітті. Қарағанды-Балқаш, Шымкент-Леңгір, Рубцовка-Риддер, Орал-Илек теміржолдары салынды. Қарағандыда ТЭЦ, Балқаш пен Алматыда электростанция, Үлбеде су электр станциясы салынып, Гурьев-Орск мұнай құбыры іске қосылды. Семейдің ет-консерві комбинаты, Гурьев пен Аралдан балық өндіретін кәсіпорындар да ел игілігіне берілді. 1937 жылы Қазақстанда 28 қала мен 28 жұмысшы поселкесі пайда болды. Міне, осылайша жаңаша даму кезеңінде үкімет тізгіні Нұртас Дәндібайұлының қолына тиді. Бірақ та, қыруар жұмыс күтіп тұрды. Әсіресе, ауыл шаруашылығы құлдырап, мал басы кеміп кеткен еді. Нұртас аға билікті қолға алысымен, яғни, төрт күннен соң оның төрағалығымен Совнаркомның алғашқы мәжілісі өтті. Күн тәртібінде көп мәселе қаралып, қажетті шешімдер қабылданды. Сол мәжілістің хаттамасы республикалық Орталық мемлекеттік мұрағатта жатыр. Онда 15 мәселе қаралған. Осылайша қауырт жұмыс басталып кетті. Бар-жоғы 34 жасында Үкімет басшысы қызметіне кіріскен Нұртасқа оңай болмады. Алайда, сол 1938 жылдан 1945 жылға дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Н. Скворцов оған тәжірибе жинауға көп көмек берді. Николай Александрович: «Кісі аяғы басылған кезде, түн болса да келіп, ақылдасып отыр», – деп қамқорлық жасайды. Біріншінің осындай қолдауынан күш алған ол тез ширап, өзіне-өзі келіп, көп алдында қобалжымай сөйлеуді үйренді. Қандай іске болмасын сенімді кірісіп кетуге әдеттенді.



СУРЕТТЕ: Н.Оңдасынов Қарағандыдағы туыстарының ортасында. Сол жақта бірінші қатарда (сол жақтан) екінші отырған Зүбәйра Оңдасынова-Бөкетова. Сурет 1984 жылы түсірілген

Осы қобалжуға қатысты Нұртас ағаның басынан мынандай оқиға өтіпті. Төраға болып тағайындалған соң көп ұзамай Мәскеуде «Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету шаралары туралы» мәселе қаралатын болды. Осы мәселе бойынша Үкімет басшысы баяндама жасамақ. Одақтық мұндай жиында топ алдында бірінші рет шығуы. Президиумда ығай мен сығайлар. Көбісін сырттай естігенімен жыға танымайды. Мәжілісті КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.Молотов басқарып отырады. Кезегі келгенде Оңдасынов мінберге көтеріліп, сөзін бастай бергені сол еді, аты жер жарған «ұлы Сталин» ақырын басып келіп, Молотовтың қасына отырады. Залдағылар демдерін ішіне тартып, тып-тыныш болады. Онсыз да мұндай алқалы жиында бірінші рет сөз алып, қобалжып тұрған Нұртас Сталинді көргенде тілі байланғандай үндемей қалады. Осыны байқаған Молотов үзіліс жариялап жібереді. Сосын Нұртасты Сталинге қарсы отырғызып: «Қазақстан Үкіметінің жаңа басшысы. Өзі жас болғанымен, мал шаруашылығын жақсы біледі», – деп таныстырады. Стекең оған өткір көзімен тесіле қарап «Шын ба?» дегендей болады да: «Тыңдайын деп келіп едім, Вячеслав артынан өзің айтарсың», – деп аяңдап басып шығып кетеді. Мәскеудегі тікелей басшысы Молотов осылайша оны бір сынақтан құтқарып қалады. Сөйтсе, ол Сталинмен жақын дос және оған «Коба» деп айта алатын үш-төрт адамның бірі екен.

Оңдасыновқа қатысты Молотовтың айтқан сөзі шындыққа айналып, Қазақстанның үшінші бесжылдықта ауыл шаруашылығы едәуір алға басады. Үкімет мал шаруашылығына тың жүйе енгізді. Әрбір колхозға жер жағдайына орай мал фермаларын ашуды міндеттеді. Оларды екі жыл салықтан, мемлекетке ет пен сүт тапсырудан босатты. Халықтың күнкөрісі жақсарды. Жаңа техника мен мал сатып алуға қаражат бөлінді. Егістік көлемі күрт ұлғайтылды. Қазақстанның осындай жетістігі үшін Н.Оңдасынов 1939 жылы 1 наурызда Ленин орденімен наградталды.

Нұртас Дәндібайұлының басшы ретінде сыналған тұсы Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Елде төтенше жағдай жарияланып, Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан жедел қимыл бюросы құрылады. Оны Оңдасынов төраға ретінде өзі басқарды. Елде атқарылатын шұғыл шаралар көбеюіне орай оның бес орынбасары, 11 көмекшісі болған. Жұмыс өте көп еді. Үкімет мүшелері күніне бір-екі сағат ұйықтап алуға ғана уақыт табатын. Әскери бригадалар мен полктерді жасақтап, майданға аттандырудан бастап, жау басып алған жерлердің өндіріс орындарын, адамдарын қабылдау тәрізді мың сан жұмыс болды. «Совнарком, Ундасынову» деген жеделхаттар топтамасы осы күнге дейін мемлекеттік мұрағатта үйіліп жатыр. Соларға қатысты «Совнарком Оңдасынов» деп қол қойған жауаптары қаншама.

Көшіп келген кәсіпорындар Қазақстанның завод пен фабрикаларына қосылып, өнім беруді жалғастырды. Әскери заводтар Алматы, Петропавл, Орал, Ақмола, Балқаш қалаларына орналастырылып, өнімдерін майданға жөнелтіп жатты. Бірақ, соларға қажет мыс, қорғасын, вольфрам, молибден шығаруды молайту туралы Мәскеуден Қорғаныс комитетінен нұсқау түседі. Бұл іспен Оңдасыновтың он жыл орынбасары болған Д.Қонаев шұғылданды. Димаш Ахметұлы өз естеліктерінде Ақшатау комбинатынан вольфрамды, Шығыс-Қоңырат кен орнынан молибденді қалай өндіргендерін жан-жақты жазады.

Сол Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан қиын кезеңнің өзінде елімізде ауыр өнеркәсіптің негізі қаланғаны белгілі. Ол Қарағанды-Теміртау өндірісі. Ал, соғыс уақытында металға деген сұраныс күрт өседі. Бұл жөнінде Нұртас Оңдасынов кезінде былай деп жазған екен: «Соғысқа дейін Қазақстанда қара металлургия өнеркәсібі жоқтың қасы болды. Елімізге қажет металды алыстан тасу қиынға түсті. Сондықтан, республика үкіметі Қарағандыда темір сынақтарын қайта қорытып, болат шығаратын завод салуды ұсынып, Одақ алдына қойды. Ол қолдау тапты. Себебі, мұнда он миллион киловаттық жылу-электр станциясы бар еді. Нұра өзені су мәселесін шешуге себеп. Самарқан су қоймасы салынып біткен. Содан 1942 жылы завод салына бастады. Осындағы ең ірі жылу-электр станциясының директоры болып менің бұрынғы орынбасарым Ибрагим Тәжиев жұмыс істейтін. Құрылысқа басшылық жасау оған қосымша міндет болып жүктелді». Н.Оңдасынов бұдан әрі соғыстың ауыр жылдары завод салудың қиын болғанын айтады. Екі мың жігітті майданнан алып қалып, Магнитогорск пен Новокузнецкіге оқуға жібереді. Олар оқу бітірген соң ұстаздарымен бірге алып келіп, металл балқытуды қолға алады. Ақыры 1944 жылы 31 желтоқсанда завод салынып бітеді.

Осы жерде Теміртау атауының қайдан пайда болғаны жөнінде Нұртас ағаның естеліктерін тыңдап көрелік. Теміртау заводы салынып біткен соң ол КСРО Ауыр өнеркәсіп министрлігіне беріледі. Оның проблемаларына қатысты Нұртас аға ауыр өнеркәсіп министрі Иван Тевосянның алдына бірнеше рет барады. Сондай бір кездесуде ол Тевосянға Самарқан поселкесі ұлғайды, енді оны қала дәрежесіне көшіреміз дейді. Министр ол қаланың аты қалай болады, Самарқан деген Өзбекстанда қала бар ғой дейді. Оны кейін шешеміз десе, «жоқ, болмайды, шартты түрде болса да, мына құжаттарға атын жазу керек» дейді. Сосын сәл ойланып, металдың қазақшасы қалай деп сұрайды. «Темір» деген сөзді естіп, министр ендеше қаланың аты «Темір» болсын деп қуанады. Нұртас аға да ойланып, «Темір» деген шағын қала Ақтөбе облысында бар екенін, әрі бұл қысқа болып құлаққа біртүрлі естілетінін айтады. Содан заводтан шыққан тау-тау металды елестетіп, қаланың аты «Теміртау» болсын дейді. Оған министр келіседі. Солайша, «Темірі» Тевосяндікі, «тауы» Оңдасыновтікі болып шығады.

Н.Оңдасынов ел үкіметін басқарып отырғанда халық игілігі үшін тындырған тағы бір еңбегі Мойынты-Шу теміржолының салынуы еді. Жоғарыдағы біздің әріптесіміз Гүлсім Оразалиеваға берген сұхбатында осы еліміз үшін аса маңызды теміржолдың қалай салынғанын айтып берген екен. Бұл күрежолмен әлі күнге дейін пойыздар жүйткіп, жолаушы мен жүк тасуда маңызы зор болып отыр. Соғыстан бұрын қазіргі Қазақстандағы теміржолдың біразы салынып, тек 450 шақырым Мойынты-Шу жолы қолға алынбапты. Мысалы, Қарағандыдан шыққан пойыздар Алматыға бару үшін Ресейге шығып барып, 7-8 тәулік жүреді екен. Сонда Оңтүстікке баратын жүктерде Ресей арқылы жететін болған. Бұл экономикалық жағынан да, уақыт жағынан да аса қолайсыз болған. Міне, осы жайды 1939 жылы Үкімет басшысы Н.Оңдасынов Одақтың үкімет жетекшісі В.Молотовқа айтып хат жолдайды. Бұл 1939 жылдың 29 мамыры еді. Хаттың көшірмесі Орталық мұрағатта бар. Бірақ мәскеудегілер «бұл жолдың жергілікті ғана маңызы бар» деп жауап жазып, құрылысты үшінші бесжылдықтың жоспарына енгізбейді. Сонда бұл жол тағы бес жылға дейін салынбайды деген сөз.

Содан Нұртас Дәндібайұлы «қой, мұны өз қолыма алмасам болмас» деп жолды картаға түсіртіп, сол кездегі КСРО Теміржол министрі Ковалевке Қазақстан Үкіметі атынан хат жазып, соған өзі барады. Ол бірден ойбай салып, мемлекеттік жоспар қабылданып кетті. Менде артық техника да, жұмыс күші де жоқ деп безектейді. Нұртас: «Маған оның бірі де керек емес. Мынаған қол қойып беріңіз», – деп өтінеді. «Госплан көнбейді ғой», – дейді министр. «Көндіруді өз мойныма алайын. Мынаған қол қойсақ болды», – дейді Нұрекең. Ақыры министр қол қойып береді. Қағазды қалтаға салып алып, енді Мәскеудегі достарымен ақылдасады. Олар: «Бесжылдық жоспар әлі бекіген жоқ, Сталин әлі қол қойған жоқ, Берияның қолында. Сонымен сөйлес», – дейді. Содан Берияға телефон шалса. Ол: «Ертең сағат 6-да кел», – дейді. Бір тәулік шыдамсыздана күтеді. Ертеңіне Берияның көмекшісі тағы ертеңге қалдырады. Тағы бір тәуліктен кейін барайын деп жатса, жаңағы көмекші: «Бүгін де қолы тимей жатыр. Ертең өзі хабарласады», – дейді. Мәселе қиындап бара жатқан соң Берияның өзіне телефон соғады. Ол бірден:

– Мәскеуде қанша боласың? – деп сұрайды.

– Мұнда көп бола алмаймын. Сізге жолығатын шаруам қалды. Самолет күтіп тұр.

– Какой вопрос у тебя? – дейді арғы жақтан.

Содан жанталасып, Мойынты-Шу мәселесін саулата жөнеледі. Осы екі ортаны қоссақ, жүк тасымалдауда қаншама қаржы үнемделеді. Экономикаға да, халыққа да қолайлы екенін түсіндіреді. Телефонды үнсіз тыңдап тұрған Берия:

– Ты сейчас же пришли этот документ моему помощнику. Можешь считать, Мойынты-Шу у тебя в кармане, – дейді. Мәселені пысықтап алайын деп ойлап, «бұл мәселе шешілді, Мойынты-Шу осы бесжылдық жоспарына енді» деп Алматыға айтып баруыма бола ма?» деп сұрайды.

– Сколько угодно! – дейді Берекең.

Осыдан 14 күннен кейін жоспар бекітіліп, 10 миллион сом қаржы бөлінгені жөнінде хабар жетеді. Әрине, бұл аз ақша. Сондықтан құрылысты «халықтық» деп жариялап, ішкі резервті пайдалануға тура келеді. Республикалық комиссия құрылып, оған орынбасары Д.Қонаев басшылық жасайды. Сөйтіп, үш жылда бүкіл Қазақстан болып жабылып, Мойынты-Шу теміржолын іске қосады. Бұл жолдың, тіпті соғыс кезінде пайдасы зор болды. Оңдасынов қолға алмағанда бұл жолдың салынуы тағы бес жылдан соң қолға алынуы мүмкін еді.

Н.Оңдасынов үкімет басшысы болған сол соғыстың ауыр жылдарының өзінде өндіріс орындарынан басқа мәдениет, оқу орындары салынды. Нақ сол жылдары Алматыда консерватория, шет тілдер институты, басқа республикаларда болмаған қыздар педагогика институты, дене тәрбие институты, Шымкент технология институты, Қарағанды мен Семей медицина институттары және барлық облыс орталықтарында пединституттар ашылды. 1946 жылы Қазақстанда Ғылым академиясының ашылуы да осы Оңдасыновтың қолдауымен болған. Нұртас аға Жезқазғанда геологиялық экспедициямен жұмыс жасап жатқан жерінен Қ.Сәтбаевты шақырып алып, Мәскеуге КСРО Ғылым академиясының президенті Комаровқа алып барады. Соның нәтижесінде кейін Қазақстанда жеке Ғылым академиясы құрылды. Алматыда соғыс кезінде «Қазақфильм» киностудиясының салынуы да осы Нұрекеңнің атымен байланысты.

Әрине, бір мақалада 13 жыл Қазақстан Үкіметін басқарған Н.Оңдасыновтың сіңірген барлық еңбегін айтып шығу мүмкін емес. Біз соның кейбірін ғана айттық. Оның өмір жолында «әттең» дейтін өкінішті жайлар да болған. Оның үш рет Ленин орденімен наградталуы көңілге медеу. Дегенмен, оның 10 жыл орынбасары болған Д.Қонаев үш рет Социалистік Еңбек ері атағын алғанда, бір алтын жұлдыз Оңдасыновқа бұйырмағаны өкінішті. Қазақстанның оңтүстіктегі мақта себетін үш ауданын Өзбекстанға бермеймін деп қасарысқаны үшін Хрущевтің қырына ілініп, 1982 жылы Нұртас аға 58 жасында зейнеткерлікке шығарылды. Ол Қазақстанға сыймай Мәскеуге барып, өз ақшасына кооперативтен үш бөлме үй сатып алып, өле-өлгенше сонда тұрды. Елден жырақта жүрсе де қарап жатпай бірнеше томдық «Арабша-қазақша», «Парысша-қазақша» түсінік сөздерін жазып кетті. Қайран ер кейінгі ғұмыры басқа жақта өткеніне және басқа ұлттан әйел алып, балаларының өз ұлтынан алшақтап қалғанына қатты өкініп өткен екен.

Қорыта айтқанда, Қазақстанға бір кісідей еңбек сіңірген Нұртас Оңдасынов жайлы қысқа дерек осындай. Биыл туғанына 120 жыл болған Нұртас Дәндібайұлының еңбегі бағаланып, ескеріліп жатса, әлі де кеш емес деп ойлаймыз.

**Серік СЕКСЕНҰЛЫ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

# Шахтинск қалалық референдум комиссиясының құрамы

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 50 ғимарат, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-50512**

**Комиссия төрағасы** – Курманова Дамиля Жанбурбаевна,
**Комиссия төрағасының орынбасары** – Пауль Оксана Валериевна,
**Комиссия хатшысы** – Даткова Дина Сагантаевна.

**Комиссия мүшелері:**
Парахневич Галина Викторовна,
Онсович Николай Брониславович,
Пеценюк Татьяна Антоновна,
Ставничук Ирина Александровна.

---

# Учаскелік референдум комиссияларының құрамы

### №370 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Парковая көшесі, 23/1 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ Факс, телефон: 8-72156-39334, 8-72156-39336**

**Төраға** – Герасимова Ирина Гаврииловна,
**Төраға орынбасары** – Ларькина Александра Александровна,
**Хатшы** – Коломийцева Марина Владимировна.

**Комиссия мүшелері:**
Динкель Татьяна Андреевна,
Копф Людмила Николаевна,
Петерс Анна Валерьевна,
Пошалова Алевтина Алексеевна.

### №371 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Парковая көшесі, 23/1 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ Факс, телефон: 8-72156-39335, 8-72156-39336**

**Төраға** – Кардаполова Ирина Юрьевна,
**Төраға орынбасары** – Дябина Галина Николаевна,
**Хатшы** – Мурикова Виктория Викторовна.

**Комиссия мүшелері:**
Баранова Оксана Валерьевна,
Гаврилова Ольга Юрьевна,
Макарова Наталья Владимировна,
Маненкова Марина Афанасьевна.

### №372 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Белинский көшесі, 16/1 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Оқушылар сарайы» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-35958, 8-72156-36027**

**Төраға** – Ахметова Карлыга Тлеукеновна,
**Төраға орынбасары** – Арнаут Ольга Сергеевна,
**Хатшы** – Маулимшина Римма Галеевна.

**Комиссия мүшелері:**
Демченко Ирина Семеновна,
Кузьма Надежда Валентиновна,
Лазко Татьяна Викторовна,
Халикова Зульфия Николаевна.

### №373 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Карл Маркс көшесі, 40а ғимарат, «Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыкалық мектебі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-65367**

**Төраға** – Канчер Ольга Борисовна,
**Төраға орынбасары** – Полюшкина Марина Васильевна,
**Хатшы** – Татиева Жансая Досжановна.

**Комиссия мүшелері:**
Бельбасова Александра Николаевна,
Гафарова Альфия Нуриевна,
Оспанова Данагуль Калиевна,
Пещелина Оксана Валентиновна.

### №374 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Парковая көшесі, 35а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Евней Бөкетов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-25361, 8-72156-25362**

**Төраға** – Ким Светлана Григорьевна,
**Төраға орынбасары** – Ной Виктория Викторовна,
**Секретарь** – Мозговая Татьяна Ивановна.

**Комиссия мүшелері:**
Волокитина Дарья Дмитриевна,
Гарданова Любовь Ивановна,
Дьякун Кирилл Николаевич,
Култасова Акайша Жарылгасыновна.

### №375 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Парковая көшесі, 35а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Евней Бөкетов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-25361, 8-72156-25362**

**Төраға** – Адырбаева Марина Юрьевна,
**Төраға орынбасары** – Потапова Екатерина Викторовна,
**Хатшы** – Ивлиева Евгения Геннадьевна.

**Комиссия мүшелері:**
Горбачева Дарья Николаевна,
Танабаев Сакен Нуркешевич,
Хамзин Айдар Мейрамович,
Ширалиева Виктория Вячеславовна.

### №376 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Белинский көшесі, 16/1 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Оқушылар сарайы» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-35958, 8-72156-36027**

**Төраға** – Рахманкулова Куляш Алдабергеновна,
**Төраға орынбасары** – Морозова Марина Вячеславовна,
**Хатшы** – Зылгарина Жанар Еленовна.

**Комиссия мүшелері:**
Бейсембаева Шолпан Муталиповна,
Мухамедрахимова Рысты,
Сатиева Аягуль Тукеновна,
Ярош Анна Егоровна.

### №377 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 50 ғимарат, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-54093**

**Төраға** – Козлова Людмила Бон-Неновна,
**Төраға орынбасары** – Головенко Анастасия Ивановна,
**Хатшы** – Губайдуллина Наталья Юрьевна.

**Комиссия мүшелері:**
Амирова Джамиля Мукашевна,
Аргимбаева Гульназ Дулатовна,
Кенес Мөлдір Қанатқызы,
Усенко Светлана Александровна.

### №378 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Панфилов көшесі, 4 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-65246, 8-72156-65235**

**Төраға** – Улжибаева Манзура Кабдуахитовна,
**Төраға орынбасары** – Жекейбеков Канагат Тлеукабылович,
**Хатшы** – Кирбасов Еркебулан Рымбекович.

**Комиссия мүшелері:**
Белиспаева Жулдыз Кураловна,
Коренева Елена Петровна,
Мақсат Айнагүл,
Орлова Ксения Анатольевна.

### №379 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Московская көшесі, 30 ғимарат, Қарағанды облысының білім басқармасының «Шахтинск технологиялық колледжі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-50791**

**Төраға** – Отубаева Галина Михайловна,
**Төраға орынбасары** – Сарсекова Мактагуль Батаевна,
**Хатшы** – Шамратова Александра Игоревна.

**Комиссия мүшелері:**
Назырова Наталья Сергеевна,
Павловская Татьяна Сергеевна,
Садакова Рымгуль Алпысбаевна,
Фещенко Евгений Евгеньевич.

### №381 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 50 ғимарат, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-54093**

**Төраға** – Анисимова Надежда Анатольевна,
**Төраға орынбасары** – Бесембаева Асем Болатовна,
**Хатшы** – Кузнецова Александра Валерьевна.

**Комиссия мүшелері:**
Бурмистрова Елизавета Владимировна,
Кельмялите Елизавета Станиславовна,
Субботин Игорь Владимирович,
Чечихина Оксана Викторовна.

### №382 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі, 52а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Факс, телефон: 8-72156-70775, 8-72156-70776**

**Төраға** – Мухаметжанова Нургул Мейрамовна,
**Төраға орынбасары** – Турсын Елик,
**Хатшы** – Есмагамбетова Дана Мейрамкызы.

**Комиссия мүшелері:**
Барлыбаева Гулим Туткабековна,
Руш Татьяна Николаевна.

### №383 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Панфилов көшесі, 4 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-65246, 8-72156-65235**

**Төраға** – Біржікен Эльмира Отаралиқызы,
**Төраға орынбасары** – Жунусов Канат Жаксылыкович,
**Хатшы** – Айкенова Жанна Канатовна.

**Комиссия мүшелері:**
Болгабаева Мадина Нурлановна,
Карабаева Фарида Жамалатдиновна,
Малгаждарова Асем Бакытжановна,
Танабаева Самал Сыздыковна.

### №384 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай даңғылы, 72в ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-64262, 8-72156-64249**

**Төраға** – Кирьянова Елена Владимировна,
**Төраға орынбасары** – Соболева Галина Сергеевна,
**Хатшы** – Базылбекова Шерин Мухтаровна.

**Комиссия мүшелері:**
Аманжолова Мархабат Куатовна,
Вишницкая Ирина Джураевна,
Дарменов Талгат Кулдеевич,
Жакупова Салтанат Амангельдиевна,
Нығыман Мейіржан Аққошаұлы,
Пащенко Наталья Викторовна.

### №385 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай даңғылы, 72в ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-64262, 8-72156-64249**

**Төраға** – Величкина Любовь Владимировна,
**Төраға орынбасары** – Хохон Маржан,
**Хатшы** – Еремеева Наталья Васильевна.

**Комиссия мүшелері:**
Апсалыкова Лаззат Аманжоловна,
Атымтай Айжан Арманкызы,
Игошина Ирода Азадовна,
Ильясова Гульназ Елбаевна,
Куанышов Уалихан Орынбасарович,
Турышев Айдар Евгеньевич.

### №386 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі, 52а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Факс, телефон: 8-72156-70775, 8-72156-70776**

**Төраға** – Аккулова Манат Жумабековна,
**Төраға орынбасары** – Кумекова Асия Тукенкызы,
**Хатшы** – Байбеилова Лаззат Копжасаровна.

**Комиссия мүшелері:**
Алибекова Фатима Зейнуллаевна,
Ибраева Баян Ондирхановна,
Куанышбекова Асыл Кайратовна,
Шадетов Мухтар Женисович.

### №387 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 119 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Әубәкір Ысмайылов атындағы балалар көркемөнер мектебі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-70161**

**Төраға** – Медетбаев Бакытбек Калдыбаевич,
**Төраға орынбасары** – Рахимберлина Бакыт Токеновна,
**Хатшы** – Балабекова Айжанар Талгатовна.

**Комиссия мүшелері:**
Исина Гайша Жумабаевна,
Култасова Даржан Рзыкбековна,
Сәдуова Ақбөпе Қайратқызы,
Убисова Замира Бахтияровна.

### №388 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Жеңістің 40 жылдығы көшесі, 59в ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы» КММ Факс, телефон: 8-72156-55444, 8-72156-55422**

**Төраға** – Осанова Махаббат Куанышевна,
**Төраға орынбасары** – Сорокина Татьяна Михайловна,
**Хатшы** – Мусина Фариза Алуанқызы.

**Комиссия мүшелері:**
Абдыкаликова Зейнеп Интыковна,
Аманов Жаслан Аблайұлы,
Балмағамбет Жанара Болатбекқызы,
Төлек Бақытгүл.

### №389 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Жеңістің 40 жылдығы көшесі, 59в ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы» КММ Факс, телефон: 8-72156-55444, 8-72156-55422**

**Төраға** – Кенжебекова Оксана Станиславовна,
**Төраға орынбасары** – Акбиева Динара Жамалбаевна,
**Хатшы** – Раковская Елена Сергеевна.

**Комиссия мүшелері:**
Бердиханов Куаныш Сабырович,
Исламгулова Евгения Александровна,
Кушекова Аманкуль Алькеновна,
Туганбекова Асем Сержановна.

### №390 референдум учаскесі

**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Молодежная көшесі, 51б ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-55102, 8-72156-54383**

**Төраға** – Тютюнина Елена Геннадьевна,
**Төраға орынбасары** – Перепелица Инна Григорьевна,
**Хатшы** – Хамитова Ольга Тураровна.

**Комиссия мүшелері:**
Абраева Асема Байхановна,
Бащук Елена Сергеевна,
Бон Оксана Александровна,
Кравчишина Гульнара Фаритовна,
Федотова Инна Анатольевна,
Шаклеина Любовь Анатольевна.

7-бет

● ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

# Басылымның ақ жаулықты оқырманы

**Газетіміздің тұрақты оқырманы, Шет ауданының Еңбекшіл ауылының тумасы Рыс Талмекеева 80 жасқа келді. Зейнеткер күні бүгінге дейін басылымнан бір елі ажырамай, берен достықтан айнымай келе жатыр. Осы орайда зейнеткерге құрмет көрсету мақсатында шағын лебіз білдіргенді жөн көрдік.**

*Аяулым СОВЕТ,*
«Ortalyq Qazaqstan»

Арқа өңірінің үніне айналған басылымның оқырманы 1944 жылы Шет ауданының Еңбекшіл ауылында туған. Рыс Арысбекқызы мен жұбайы екеуі 5 баланы өмірге әкеліп, ұлын – ұяға, қызын қияға қондырған. М.Горький мектебінде қызмет атқарып, кейін кітапханада жұмыс істеп, одан кейін аудан әкімдігінің ұйымдастыру бөлімінде абыройлы қызмет атқарды.

2002 жылы зейнетке шыққалы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ең белсенді оқырманының ел газетіне не жарияланғанына құлақ түріп отыруы – ежелгі дағдысы.

– Әкем ұстаздықпен, анам үй шаруасымен айналысты. Күнделікті болып жатқан хабар-ошарға кәдімгідей елеңдеп отырамын. Балалар көңілімді жықпай, «Орталық Қазақстан» сынды газеттердің қызықты деген мақалаларын дауыстап оқып беріп тұрады.

Ұрпаққа өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз. Бар білген-түйгенін арқалап, жас жеткіншектердің жүрегіне жеткізбек ниетте бір сәтке тыным таппай, әр жас өренді имандылыққа, мейірім мен жауапкершілікке, отансүйгіштік, еңбекқорлық қасиеттерді дарытуға тиіспіз, – дейді



Рыс Арысбекқызы.

Зейнеткер қай маман иесі болсын, адамды танытатын, абыройын асыратын қасиеті – біліміне сай біліктілігі, мәдениеттілігі мен қарапайымдылығы екенін айтады.

2004 жылы Рыс Арысбекқызы Приозерск қаласы ардагерлер кеңесінің төрайымы болды. Тіл және газет жанашыры бүгінде газетке мақала жазып тұрады.

Газетіміздің қарт оқырманына лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын басқаларға үлгі, жастарға өнеге ету – басты мақсат.

Рыс апа, сексен жастың жақсылығын сезініп, қуанышын көріңіз.

---

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;
– Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
– Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)- 98-10-18;
– Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
– Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
– Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
– Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)- 4-18-90;
– Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
– Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
– Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
– Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
– Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

д

---

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

---

## Қарағанды облысының референдум комиссиясы құрамы туралы

### ХАБАРЛАМА

Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі,13, 511 кабинет,
телефон 8(7212) 421086, электрондық пошта tic_kar_obl@saylau.kz

**Төраға** – Нүркенов Қайрат Қаршығаұлы,
**Төраға орынбасары** – Асылбекова Сандуғаш Сабетқызы,
**Хатшы** – Ақпанова Айғаным Жолшорақызы.
**Комиссия мүшелері:**
Абельгазина Айгүл Омарқызы, Есмағанбетов Саян Амантайұлы, Қантарбекова Гүлнараим Хасенқызы, Русаков Евгений Валериевич.

**Қарағанды облысының референдум комиссиясы**

№208




---

Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Нурлан Рымбаевич Ламбековқа орны толмас ауыр қаза анасы

**Күлжәмилә КӘМИҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

**(Соңы. Басы 1-бет)**

**№391 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Молодежная көшесі, 51б ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№7 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-55102, 8-72156-54383**

**Төраға** – Даниленко Наталья Григорьевна,
**Төраға орынбасары** – Шефер Оксана Александровна,
**Хатшы** – Бекова Асемгуль Жаксылыковна.

**Комиссия мүшелері:**
Ангакова Зоя Владимировна,
Кевуш Анастасия Геннадьевна,
Лукина Светлана Владимировна,
Ольховая Альфия Мавлявиевна.

**№392 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 97 ғимарат, Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы «Шахтинск қаласының ауруханасы» ШЖҚ КМК Факс, телефон: 8-72156-54180**

**Төраға** – Айтмагамбетова Гульмира Берикказиевна,
**Төраға орынбасары** – Нашарбекова Гульмира Сталовна,
**Хатшы** – Говоруха Ольга Васильевна.

**Комиссия мүшелері:**
Ибрашева Айгуль Рымтаевна,
Сейсова Сауле Тулегеновна.

**№393 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 10/16 квартал, 12а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыкалық мектебі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-32930**

**Төраға** – Чулпанова Татьяна Яхьяновна,
**Төраға орынбасары** – Андреева Любовь Анатольевна,
**Хатшы** – Жуманбаева Гулим Сериковна.

**Комиссия мүшелері:**
Антропова Любовь Ивановна,
Камальдинова Маргарита Ивановна,
Каримов Павел Викторович,
Новик Светлана Николаевна.

**№394 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 11/17 квартал, 1а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-32757, 8-72156-32669**

**Төраға** – Смолицкая Татьяна Юрьевна,
**Төраға орынбасары** – Закенов Есбол Советович,
**Хатшы** – Галкина Оксана Викторовна.

**Комиссия мүшелері:**
Джолдаспекова Сауле Болаткуловна,
Карпинская Марина Петровна,
Кенжебекова Айжан Байзаковна,
Солтангали Жанбота.

**№396 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, Добровольский көшесі, 1 ғимарат, Шахтинск қаласының әкімдігі Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шахан кентінің мәдениет үйі» КМҚК Факс, телефон: 8-72156-33577**

**Төраға** – Шулембаева Айнагуль Балташовна,
**Төраға орынбасары** – Сулейменова Венера Абдуллаевна,
**Хатшы** – Калиева Салима Айдаровна.

**Комиссия мүшелері:**
Бекешева Райхан Женысовна,
Искендирова Жумагуль Жакеновна,
Конырова Әсем Берікқызы,
Черничкина Татьяна Анатольевна.

**№397 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 14 квартал, 6а ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-30611**

**Төраға** – Мустафин Беркин Кабдулбариевич,
**Төраға орынбасары** – Сейтбекова Гульмира Сексеновна,
**Хатшы** – Рамазанова Эльвира Нуркеновна.

**Комиссия мүшелері:**
Конырова Бахытгул Аудашкызы,
Малаева Галия Айтбековна,
Суюнжанова Алия Мейрамовна,
Теремасова Ольга Юрьевна.

**№398 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101606, Қарағанды облысы, Шахан кенті, 15 квартал, құрылыс 9А, Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Қарағанды облысы Шахтинск қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ Факс, телефон: 8-72156-32752**

**Төраға** – Конюхова Светлана Игоревна,
**Төраға орынбасары** – Громова Виктория Олеговна,
**Хатшы** – Ташенова Ляззат Байдуллаевна.

**Комиссия мүшелері:**
Майкубенова Айтбала Кусаиновна,
Макарова Елена Юрьевна.

**№399 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101607, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Бурцев көшесі, 14 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-64382**

**Төраға** – Карпова Людмила Ивановна,
**Төраға орынбасары** – Жусупбекова Акерке Ахатовна,
**Хатшы** – Жолдыбалина Жанагуль Имангалиевна.

**Комиссия мүшелері:**
Мухамеджанова Анжела Александровна,
Смагулова Динара Сериковна,
Хамкова Ольга Александровна,
Шацкая Ирина Александровна.

**№400 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Парковая көшесі, 24б ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-58217**

**Төраға** – Жадько Наталья Николаевна,
**Төраға орынбасары** – Гайбель Людмила Сергеевна,
**Секретарь** – Каратаева Виктория Владимировна.

**Комиссия мүшелері:**
Горбунова Ольга Ивановна,
Мухаметжанова Жанагуль Куанышевна.

**№401 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Садовая көшесі 92, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№30 мекеме» РММ Факс, телефон: 8-72156-58122**

**Төраға** – Лидонова Татьяна Станиславовна,
**Төраға орынбасары** – Форналь Анна Анатольевна,
**Хатшы** – Лисюкова Марина Игоревна.

**Комиссия мүшелері:**
Корнеева Кристина Игоревна,
Корнеева Светлана Евгеньевна,
Свинцова Ивета Александровна,
Фризен Елена Валерьевна.

**№402 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, Заводской тұйық көшесі, 1 ғимарат, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№31 мекеме» РММ Факс, телефон: 8-72156-58226**

**Төраға** – Исупова Анна Анатольевна,
**Төраға орынбасары** – Журавлева Неля Муллашарифовна,
**Хатшы** – Нефедова Наталья Юрьевна.

**Комиссия мүшелері:**
Карипбекова Назым Ерсиновна,
Либас Анна Ярославовна.

**№403 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101605, Қарағанды облысы, Новодолинский кенті, Бобух көшесі, 23 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№11 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-62377, 8-72156-62907**

**Төраға** – Какенбаева Гульнас Урмашевна,
**Төраға орынбасары** – Кулматина Гульмира Серикбаевна,
**Хатшы** – Макагонова Валерия Владимировна.

**Комиссия мүшелері:**
Дементьева Марина Александровна,
Загурскене Эва Владимировна,
Когинова Жанна Абдиловна,
Петрова Инга Анатольевна.

**№404 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101605, Қарағанды облысы, Новодолинский кенті, Бобух көшесі, 23 ғимарат, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№11 жалпы білім беретін мектебі» КММ Факс, телефон: 8-72156-62377, 8-72156-62377**

**Төраға** – Елизарьева Елена Геннадьевна,
**Төраға орынбасары** – Евсеева Анна Владимировна,
**Хатшы** – Добрышкина Наталья Александровна.

**Комиссия мүшелері:**
Гарварт Ольга Васильевна,
Ионушкина Ирина Стасио,
Шелудченко Юлия Сергеевна,
Шукстрова Алена Александровна.

**№405 референдум учаскесі**
**Орналасқан жері: 101604, Қарағанды облысы, Долинка кенті, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының 6505 әскери бөлімі» РММ, Долинка кентінің батальоны, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының 6505 әскери бөлімі» РММ Факс, телефон: 8-72156-58236, 8-72156-44991**

**Төраға** – Утеулиев Бахтияр Рахимжанович,
**Төраға орынбасары** – Морозов Вячеслав Александрович,
**Хатшы** – Танабергенова Жания Ондырхановна.

**Комиссия мүшелері:**
Гончарова Оксана Николаевна,
Төлеутай Олжас Қайдарұлы.

№209

# «Көкмойнақ» көшпенділер жеңісін бастар ма екен?!



Екінші кезең жеңімпазы «Көкмойнақ» командасы

(Соңы. Басы 1-бетте.).

### Жорық үміті жүрісті жылқыда

Мамандардың айтуынша, дүбірлі дода жойылуға шақ қалған мініс жылқы тұқымдарын қайта қалыптастырып, оларды халықаралық деңгейде насихаттауға ықпал етеді. Күндік аламанда жылқы тұқымынан бөлек, өзге мемлекеттер көшпенділер өркениетінің қазіргі үлгісіне куә болады.

– «Ұлы дала жорығы» жобасының негізгі мақсаты – біздің қазақы қолтума жылқылардың екінші тынысын ашу. Біздің қолтума, міңгі аттардың бағы ашылды десек болады. Олардың бағасы қазір 2-3 есе өсті. Ал, шет елдің жылқы тұқымдарына келсек, Қырғызстаннан «Жаңа қырғыз» тұқымы келді. Татарстаннан, тағы басқа елдерден «Татар», «Башқұрт», «Кабардин», «Карачай» жылқылары сайыс сапында. Міне, табиғи сынға төтеп бере алатын, тау-таста тұяғы тасырқамас жер бетіндегі ең созымды жылқылармен біздің қарабайыр қазанаттар бақ сынауда, – деді «Joryq» ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков.

Алты күн шапса, жалын бермес жабы тұқымы сақталмаса да, көнекөзін көз қарашығындай сақтап, баптаған тау халқының да жеңістен үміті зор. Мысалы, «Карачай-Балкар» командасының «Карачай» жылқысы көптің көзіне ерекше түсуде.

### «Адай» жылқысы аламан алды болар ма екен?

Бұған дейін ел аузында «Бәйге аты», «Көкпар аты» деген түсінік болса, енді ол қатарға «Жорық аты» қосылды. Бұл ретте «Жорық аты» ұзаққа мініс беретін, жуас әрі ыстық-суыққа бірдей төзімді келеді. Мамандардың айтуынша, бұған дейін тау халқының оның ішінде, грузин, шешен ұлттарының «Карачай» жылқы тұқымы тау-тасқа салар таптырмас тұлпар болған. Тұяғы шай кесеге таяу шұқыр болғандықтан ат аяғының тұрасы тасқа тимейтін көрінеді. Осы себептен ол тастақ аймақта тағасыз да тасырқамайды. Десек те, қазақтың маңғыстаулық «Адай» жылқы тұқымы да жеңіс тұғырынан үміт күттіруде. Бабы келіп, бәйгеден бағын күткен «Көкмойнақ» құрамасының аттары жайлы журналист әрі атбегі Сәкен Сейтханұлы айтты.




– Дода басталғалы, жорықшылармен сапарға шықтық. Бүгін міне 350 шақырымды бағындырып, еліміз 2-3 кезеңнен бірінші болды. Бір байқағаным, жорықтағы басты қару ол бір сымпылмен бірсыпыра жер шалатын жүрісті ат екен.

Бұдан бұрын қырғыз ағайындардың «Жаңа қырғыз» қолтума жылқылары желе-шоқып, әрі сол жүрістен 100 шақырым бойы танбай, алғашқы кезеңді сәтті аяқтаған болатын. «Адайдың қалып қойғаны қалай?!» деп тұр едік. Міне, ел намысын қазақтан шыққан қолтума, сонау байырғы баба жылқысының бертінге дейін сақталған «Адай» жылқы тұқымы қорғап бағуда, – деді Сәкен Сейтханұлы.

Расында, «Адай» жылқысы – сонау жаугершілік заманнан қазаққа серік болған Қамбар ата төлі. Дене тұрқы ашамай, көшелі келеді. Ыстық пен суыққа бірдей төзетін қазақы жылқыға кезінде Орта Азияға үстемдігін жүргізген Шыңғыс қаған да тамсанған деседі. Тіпті, Махамбет Өтемісұлының серігі Исатай Тайманұлы мінген «Ақтабан» аты осы маңғыстаулық «Адай» жылқысы. Ал, жоңғар шапқыншылығында Абылайды жоңғар қоршауынан құтқарған Ер Жәнібектің «Көкдөнені» екені елге мәлім. Міне, сол атағы Алатау асқан «Көкдөнен» де адайлық жылқы көрінеді. Жорықта жеңіске жеткен маңғыстаулық және жетісулықтардың да тізгіндегені «Адайдың» аттары.

**«Адай» жылқысы – сонау жаугершілік заманнан қазаққа серік болған Қамбар ата төлі. Дене тұрқы ашамай, көшелі келеді. Ыстық пен суыққа бірдей төзетін қазақы жылқыға кезінде Орта Азияға үстемдігін жүргізген Шыңғыс қаған да тамсанған деседі. Тіпті, Махамбет Өтемісұлының серігі Исатай Тайманұлы мінген «Ақтабан» аты осы маңғыстаулық «Адай» жылқысы.**

### Жорық жолының да жөні бар

Сонымен қатар, жарыс сөресі болып Ботай қонысы кездейсоқ таңдалмаған. 44 жыл бұрын археолог-ғалымдар сенсациялық жаңалық ашқаны белгілі. Олар осы аумақтан жылқы сүйектері мен ат әбзелдері секілді 100-ге тарта көне жәдігер тауып, Солтүстік Қазақстан жерінде Қамбар ата түлігі ең алғаш қолға үйретілген деген тұжырым жасаған еді. Ал, «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Қуаныш Шақшақовтың айтуынша, дәл осы жерде жылқы шаруашылығының дамығанына дәлел болатын археологиялық жәдігерлер табылған. Бұдан бөлек, Ботай қонысының маңына қазақ мәдениеті мен дәстүрін дәріптейтін үлкен этно-ауыл ұйымдастырылды. Онда жорықшылардан бөлек, шет ел қонақтары қоныстанып, байырғы қазақы тұрмыстың келбетімен танысуда. Сондай-ақ, жорықшылармен бірге екі халықаралық және бес қазақстандық төреші, төрт халықаралық, үш қазақстандық мал дәрігерлері де ілесіп келеді. Мамандар жорық ережесінің жоғары стандартын сақтау мен жылқы денсаулығына қамқорлық жасауға кепілдік береді.

Еске сала кетейік, республикалық «Joryq» ат спорты федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге «Көкпар», «Бәйге», «Садақ ату», «Теңге ілу», «Аударыспақ», «Жамбы ату», «Құсбегілік», «Асық ату» және тағы басқа федерациялар бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығын Исламбек Салжанов басқарады.

*Суреттер ашық дереккөзден*

# Алтынға бергісіз қос қола

**Парижде өтіп жатқан Паралимпиада ойындарында Қазақстан құрамасының сапындағы қарағандылықтар қамшы салдырар емес. Атап айтсақ, қарағандылық спортшы Дастан Мұқашбеков ядро лақтырудан қола жүлдегер атанды. Сонымен қатар, Дастан – Азияның жаңа рекордын орнатты.**

**Ал, тағы бір жерлесіміз Даяна Федосова пара дзюдодан J2 санаты бойынша 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медаль үшін болған кездесуде түркиялық Дендю Ешилюртты 11:0 есебімен жеңіп, Ұлттық құрама қоржынына екінші қола медаль салды. Ол барлық қарсыласын айқын басымдықпен жеңгенін атап өткен жөн.**




PARIS 2024



Суреттер ашық дереккөзден

**Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы күміс медальді Ұлттық құрама қоржынына мерген Еркін Ғаббасов салған еді.

Бұдан бөлек, 100 метрді брасс әдісімен жүзіп өтіп, күміс алған Нұрдәулет Жұмағали мен дзюдо күресінің алтынын олжалаған Ақмарал Науатбек Көк Туды көкке көтерді.

Ядро лақтырудан F36 санатында спортшымыз ел намысын бар күшін салып қорғап шықты. Оның сайыстағы сараптама нәтижесі 16 метрге жетті. Бұл – Азияның жаңа рекорды.

– Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиадалық комитетінің атынан Дастан Мұқашбековті Паралимпиада ойындарындағы тарихи жеңісімен құттықтаймын! Ядро лақтырудан қола медаль жеңіп алу және Азияның жаңа рекордын орнату – орасан еңбектің, табандылықтың нәтижесі. Сондай-ақ, сайыс басталғалы санаулы күн өтсе де, қазақстандық құрама қоржыны алты медальға толып үлгерді. Бұл ауыз толтырып айтар жаңалық, – деді Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиадалық комитетінің президенті Қайрат Боранбаев.

Расында, Дастан Мұқашбеков еліміздің бұл спорт түрлерінен кенде емес екенін дәлелдеген спортшылар қатарында. Бұдан бұрын қазақстандық спортшы Давид Дегтярев Париж Паралимпиадасының чемпионы болды. Ол пауэрлифтингтен 54 келі салмақта 188 келіні көтеріп, алтын медаль иеленді. Ал, 48 келі салмақта татамиде тартысып, ақтық сында франциялық Садрина Мартинеденің жауырынын жер қаптырған Ақмарал Науатбек алтынға иелік етті. Осылайша ел қоржынында Париж Паралимпиадасының екі алтын, екі күміс, екі қола медалі бар.

Төрткүл дүние көз тіккен дүбірлі додаға Қазақстан құрамасынан 44 спортшы қатысып жатыр. Биыл ел құрамасы Паралимпиадаға 9 спорт түрінен – дзюдо, пауэрлифтинг, таэквондо, жеңіл атлетика, нысана көздеу, үстел теннисі, жүзу, каноэ және волейболдан сынға түсуде. Спорт комитеті биыл Қазақстанның Паралимпиада спортшылары үстел теннисінен және әйелдер арасындағы каноэден бірінші рет лицензия жеңіп алғанын мәлімдеген болатын.

Еске салайық, Париждегі Паралимпиада ойындары 8 қыркүйекте аяқталады.

● БӘРЕКЕЛДІ!

# Арқа көкпаршылары абыроймен оралды

**Өскеменнің Ұлан ауданы Мамайбатыр ауылында өткен өнер көкпарында қарағандылықтардың бағы жанып, бас жүлдеге тігілген 1 млн. теңгені еншілеп қайтты.**

**Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Әнші, сазгер Саят Әбдіғалидің жетекшілігімен бастама алған Қарағанды өнерпаздарының өнер көкпарынан білікті ойын көрсетулері бірінші мәрте емес. Бұған дейін де облысаралық додаларда аттары шалымды, палуандары салымды оралып жүрді.

Сонымен, додаға 4 команда қатысты. Олар – «Өскемен», «Қарағанды», «Тараз», «Ақмола» командалары. Қарағандылық құрама алғашқы ойынды «Ақмола» командасымен ойнады. Дода тартысқа толы өтсе де, ойынның соңғы сәттерінде «Қарағанды» командасының қарымта шабуылында қарсыластар қазандығына серке салынды. Ойын 1:0 есебімен аяқталып, қарағандылықтар жеңіске жетті. Бұдан кейін алаңға «Тараз» командасы мен «Өскемен» шықты. Ойын басталысымен-ақ, алаң иелері жиі шабуылдап, тараздық команданың қапысын бағумен болды. Нәтижесінде «Өскемен» құрамасы салымды болып, есеп ашты. Бұл ойыннан соң «Ақмола» мен «Тараз» командасы III орынды қанағат тұтты.

Ал, бас жүлдеге «Қарағанды» мен «Өскемен» құрамасы таласып, ойынды бастап кетті. Қос команда ойын уақыты аяқталғанша тартысып, бірін-бірі ала алмады. Төреші ойынға қосымша уақыт берсе де, ойын нәтижесіз аяқталды. Осы себептен әр командадан бір ойыншы алаңға шақырылып, төреші жекпе-жек тартыс ұйымдастырды. Қарағандылықтар атынан белді ойыншы Ерік Еркенұлы шықты. Жекпе-жекте көлденең жатқан көк серкені алдымен іліп, тақымына басып үлгерген Еріктің бағы басым болып, жеңісті жұлып алды. Осылайша «Қарағанды» командасы бас жүлдеге ие болды. Алаң иелері II орынға тұрақтады.

– Додаға қатысқан құрамалардың осалы жоқ. Аттары да тақыммен бұрылып, ойыншыға оңтайлы сәтті ыңғайлап бақты. Әсіресе, «Тараз» командасының аттары белді болды. Десек те, бұйырған кетпей, жеңіс тұғырынан көріндік, – деді өнер көкпаршысы Ерік Еркенұлы.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. – Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 100 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН